

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Г.С.Аскарова, А.А.Қасымбек, Г.Т.Кажиева, П.Т.Ізімова,
Г.Н.Чубаева, Г.К.Казербаева, Қ.Ә.Әуесбай

Жаһандық ҚҰЗЫРЕТТЕР

Негізгі орта білім беру деңгейінің
7-сынып оқушыларына арналған оқулық

7



ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26
Ж26

Аскарова Г.С. ж.б.

Ж26 Жаһандық құзыреттер: негізгі орта білім беру деңгейінің 7-сынып оқушыларына арналған оқулық. / Г.С.Аскарова, А.А.Қасымбек, Г.Т.Кажиева, П.Т.Ізімова, Г.Н.Чубаева, Г.К.Казербаева, Қ.Ә.Әуесбай. – Астана: «Арман-РВ баспасы», – 2024. – 96 бет.

ISBN 978-601-201-210-1

Оқулық негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы бағдарламасы бойынша жазылды. Оқушының жас ерекшелігіне сәйкес, жаһандық құзыреттерге не бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26











© Аскарова Г.С.,
Қасымбек А.А.,
Кажиева Г.Т.,
Ізімова П.Т.,
Чубаева Г.Н.,
Казербаева Г.К.,
Әуесбай Қ.Ә., 2024

ISBN 978-601-201-210-1

© «Арман-РВ баспасы», 2024

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Шартты белгілер

-  **Меңгерілетін білім** – меңгерілуге тиісті түсініктер
-  **Кәп, ойланайық!** – негізгі тақырыпқа қатысты сұрақтар
-  **Түйін сөздер** – тақырып мазмұнына қатысты ойларды түйіндейтін сөздер
-  **Маңызды ақпарат** – тақырыпқа қатысты танымдық деректер, мәліметтер
-  **Талда** – ұсынылған ақпаратты талдауға арналған тапсырмалар
-  **Қызықты ақпарат** – тақырыпқа қатысты қызықты мәліметтер
-  **Ойна да ойла!** – ойын түріндегі қызықты тапсырмалар
-  **Өзіндік жұмыс** – жеке, жұппен, топпен орындалатын тапсырмалар
-  **Жағдаяттық тапсырма** – түрлі жағдаяттарды шешуге арналған тапсырмалар
-  **Білімді тексері** – кері байланыс, тақырыпты түйіндеу тапсырмалары



Смартфондағы «Play Market» (ОС Android базасында) немесе «Apple App Store» (ОС iOS базасында) дүкенінен «Сканер QR» қосымшасын тегін жүктеп алу керек.

Оқулықтағы QR-код арқылы берілген тапсырмаларды орындау үшін жүктелген қосымшаны ашып, QR-кодқа бағыттау керек.

Ескерту: кейбір смартфондардың камералары еш қосымшасыз бірден QR-кодты аша алады.

Алғы сөз

Талапты жас! 7-сыныпқа арналған «Жаһандық құзыреттер» оқулығы – қоғамда табысты өмір сүру үшін қажетті білім мен дағдылар әлеміне шақыратын бірегей ресурс.

Қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әр адамнан сапалы, терең білім және іскерлік қабілеттері болуын, шығармашылықпен жұмыс істеу мен ойлау, ойды жүзеге асыру қарымының мықты болуын талап етеді. Міне, осы тұста сенің көмекшің – «Жаһандық құзыреттер» оқулығы. Оқулық бес бөлімнен тұрады.

«Этика және әдеп» бөлімі сенің әр іске адал ниет және үлкен жауапкершілікпен қарауыңа, ізгілікке құрылған жеке қасиеттеріңмен танылуыңа, мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруыңа ықпал етеді.

«Азаматтық және патриотизм» бөлімі өзінді ел азаматы ретінде сезінуіңе, Отанға деген құрмет пен ықылас қалыптастырып, ел мүддесіне қызмет етуіңе, азаматтық ұстанымыңды көрсетуіңе мүмкіндік тудырады.

«Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімі саған медиакеңістікті танып-біліп, онда жұмыс істеуіңе, қаржылық сауаттылығыңды дамытуыңа жол ашады.

«Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі арқылы сен қауіпсіз мінез-құлық, салауатты өмір салтын ұстану дағдыларыңды шындай аласың.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі бойынша экологиялық мәдениетіңді арттырып, қоршаған ортаға, табиғатқа қамқорлықпен қарауды меңгересің.

«Талда», «Ойна да ойла!», «Өзіндік жұмыс», «Біліміңді тексер» тапсырмаларын орындау арқылы жаңа тақырыпты жеңілірек меңгересің. Ал топпен, жұппен жұмыс істеу бірлесуге баулиды.

«Жағдаяттық тапсырма» айдарымен берілген сұрақтарға жауап іздеп, жасаған тұжырымыңды өмірде қолдануға дағдыланасың.

«Маңызды ақпарат», «Қызықты ақпараттарда» жинақталған мәліметтермен танысып, ғылыми түсініктерді игересің.

Оқулық соңында да терминдердің түсініктемелері берілген. Өзіңе беймәлім сөздерді осы глоссарийден таба аласың.

Жас дос! Бұл оқулық сенің сенімді серігің болады деп сенеміз және сәттілік тілейміз.

I БӨЛІМ.

ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП

Досым, сен бұл бөлімде: сыпайы сөйлеудің маңызын, рухани сапа – адам өміріндегі басты қасиет екенін білесің; кемшіліктермен жұмыс істеу – кемелдікке апаратын жол екенін ұғынасың; басқаларға қуаныш сыйлау үшін жақсылық жасау туралы мағлұмат аласың; зорлық-зомбылықты болдырмай, өзінді қорғау жолдарын меңгересің.



● Меңгерілетін білім:

- Сөйлеу мәдениеті туралы ақпарат аламыз.
- Рухани сапаның адамгершілік, ізгілік қасиеттерінен құралатынын білеміз.

● Кел, ойланайық!

- «Сөйлеу», «сыпайы сөйлеу» деген қандай ұғым?
- Сыпайы қарым-қатынастың негізі не?
- Рухани сапа деген не?



Түйін сөздер

Сыпайылық, сыйласу, сөйлеу мәдениеті. Адамгершілік, жанашырлық, адалдық, мейірімділік, ризашылық, кішіпейіл, даналық.

Сен сыпайылық пен сыпайы сөйлеу адам өмірінде қаншалықты маңызды екенін білесің бе?

Сыпайылық, сыпайы сөйлеу – адамның саналы, есті тіршілік иесі екенін білдіретін басты белгі. Жүсіп Баласағұни: «Ақыл мен білімнің тілмашы – сөз», – деген екен. Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. «Әдептің басы – байқап сөйлеу», – деп Ахмет Йүгінеки айтқандай, сыпайы сөйлеу – мәдениеттіліктің нышаны. Өркениет болған жерде ақылды, дана сөз де өмір сүреді. Сол себепті халықтың нақыл сөздері, ғұламалардың даналық сөздері, дарынды жандардың қанатты сөздері – біз үшін баға жетпес қазына.

Техника заманы болса да, таныстырылым сөз түрінде жүзеге асатыны – шындық. Бүгін әйгілі бренд атаулары («Әдемі-ай» қолөнер, кәдесый компаниясы, «Құлыншақ» атты бие сүтінен дайындалатын балмұздақ пен шоколад т.б.), танымал өнімге қатысты сөз



Маңызды ақпарат

Сыпайы сөйлеу – мәдениет пен тәрбие көрінісі. Қазақ халқының тәрбиесінің негізі «үлкенге – құрмет, кішіге – ізет». Бұл – сыпайы сөйлеу, жылылық пен мейірім және ыстық пейіл.

Рухани сапа – адамның жан-дүниесіндегі адамгершілік ұстанымдарының өмірде жасаған жақсы істерімен ұштасуы:

- 1) моральдық құндылықтар: адалдық, жанашырлық, мейірімділік т.б.;
- 2) өмірдің мәні: азаматтық мақсат, қол жеткізетін нәтиже;
- 3) қарым-қатынас: адамдарға деген сенім, сабыр мен төзімділік т.б.;
- 4) табиғат және қоршаған ортаға қамқорлық жасау;
- 5) үйрену арқылы даму және ой-өрісін өсіруге ұмтылу.

мәтелдері («Әдемі-ай – әсемдік әуені», «Құлыншақ» – қуаныш дәмі т.б.) мысал бола алады.

Сыпайы сөйлеу – әдеп сақтай отырып ой айту, сөйлескісі келген адамға ықылас білдіру, биязылық таныту, назар аудару, тілдесу (амандасу, танысу, өтініш жасау, кеңес беру, құттықтау және т.б.). Сыпайылық сипаты адамның үлкенді құрметтеу, кішіге ізет білдіру, ықылас, мейірім, қарапайымдылық, көмек беру сынды қасиеттері арқылы ашылады. Рухани-адамгершілік құндылықтар саналы әрекет, ізгі қасиеттермен үйлесімді болса, онда тұлғаның рухани сапасы да жоғары болады.

Тұлға бойындағы рухани сапа – белгілі бір мақсатқа қол жеткізе білетін табандылық, ұлт тағдырына қатысты азаматтық көзқарас, адамгершілік қасиеттер мен мәдениеттілік, жағымды мінез-құлық пен парасаттылық сияқты қарым-қабілеттер жиынтығы.

Ұлттық рухани сапаның басты белгісі – ұлт тілін қолдану мен қолдау. Ұлт тілі өз ұрпақтарына үйлесімді және мағыналы қарым-қатынас жасауға, тұлғалық өсу мен рухани дамуға қол жеткізуге көмектеседі. Ал тіл тазалығы, байлығы, дәлдігі, қисындылығы, әсерлілігі, түсініктілігі сөйлеу сапасын танытады.

Рухани сапа адамның өмірі мен мінез-құлқының әртүрлі қырларынан байқалып, оның басқалармен қарым-қатынасына, шешімдеріне және әлемді қабылдауына әсер етуі мүмкін. Рухани деңгейі жоғары адамның ар-ұяты, азаматтық ұстанымы берік болып, адамгершілік сапалары дамиды. Мейірімділік, ізгілік қасиеттері толығымен түседі.

Сен өз еліңнің болашақ өкілісің. Әлем сен арқылы қазақ халқын танып, құрметтейді. Сондықтан адамгершілік қасиеттерің мен моральдық құндылықтарың жоғары болуы керек. Ізден, оқы, болашаққа батыл қадам жаса!



Талда

Сұрақтар бойынша өз ойларыңды жазып, пікір алмасындар.

- «Әдепсіз бала ауыздықсыз атпен тең» дегенді қалай түсіндірер едің?
- «Рухани сапа» дегенді қалай түсінесің?
- Рухани сапа қалай қалыптасады деп ойлайсың?
- «Білім – рухани даму көзі» дегенмен келісесің бе?



Қызықты ақпарат

Қазақ халқының «Сабыр түбі – сары алтын» деген мәтел сөзі – ізгілікті, ұстамдылықты насихаттайтын бағалы өсиет.

Мексикалықтар «Сөйлегенде сабыр сақтаған жөн, асығып-аптықпа, қызбаланба, дауысыңды көтерме, сөзің орынды да ұтқыр болсын» дейді.

Үнді заңында «Қандай бір қиын жағдайда да балағат сөзге тыйым салынады, көкейге қонымды, көңілге ұнамды сөздер ғана айтылсын» делінген.

Бұл – жөнімен сөйлей білудің маңызын, сөздің құдіретін мойындаудан туған тұжырымдар.

Сен қандай ой түйдің?



Өзіндік жұмыс

Топтарға бөлініп, жұмыс істеңдер.

1-топ сызбаны толықтырып, талқылайды.



2-топ «Сыпайы сөйлеу» тақырыбы бойынша «Соңғы сөзді мен айтайын» тәсілімен күнделікті өмірден адами құндылықтарды талқылап көрсетеді.



Жағдаяттық талпырма

Оқиғаны рөлдерге бөлініп, орындаңдар.

1. Арнұр: «Көрші апайды күнде көріп жүрмін ғой, бүгін амандаспай-ақ қояйыншы», – деп ойлап, өте шықты. Сонда көрші апай: ... (оқиғаны жалғастыр).
2. Көшеде келе жатқан атаға бір бала соқтығысты. Оқиға қалай өрбиді?

3. Сен аяғыңды ауыртып алып, аяғың ісіп кетті. Қоғамдық көлікпен үйіңе бара жатырсың. Аялдамадан қарт адам мінді. Бос орын жоқ. Сен не істер едің?
4. Көшеде жылап тұрған бүлдіршінді көрдің. Адамдар оның жанынан назар аудармай өтіп жатыр. Сен қандай әрекет жасар едің?
5. Қарт әже қолыңдағы затын көтере алмай келе жатыр. Ал сен киноға кешігіп барасың. Қандай шешім қабылдайсың?



Ойна да ойла!

Мақалдардың идеясын комикс түрінде бейнелеп, көрме ұйымдастырыңдар.

1. Әдепті бала – арлы бала.
2. Мінездің көркі – ізгілік.
3. «Сіз» деген – әдеп,
«Біз» деген – көмек.
4. Бала тәрбиесі бесіктен.
5. Әдепті бала ата-анасын мақтатар,
Әдепсіз бала ата-анасын қақсатар.



Біліміңді тексер!

1. Сыпайы сөйлеудің маңызы неде?
2. «Рухани сапа – адамның рухани, моральдық және этикалық қасиеттерінің көрінісі» дегенді қалай түсінесің?
3. Адамның рухани қасиеттері әртүрлі оқиғалар мен тәжірибелер барысында танылатынына мысал келтіре аласың ба?
4. Рухани сапасы жоғары адамдардан қандай өнеге алуға болады?

§2.

Кемшіліктермен жұмыс істеу – кемелдікке апаратын жол. Басқаларды қуанту үшін жақсылық жасау

● Меңгерілетін білім:

- Кемшіліктерді кедергі ретінде қарастыруды үйренеміз.
- Кемшілікті түзей білуге дағдыланамыз.
- Өзгеге жақсылық сыйлау қуанышын сезінеміз.

● Кел, ойланайық!

- Кемшіліктермен жұмыс істеу дегеніміз не?
- Өз кемшілігіңді қалай түзеуге тырысасың?
- Өзгеге қуаныш сыйлау туралы пікірің қандай?



Түйін сөздер

Кемшілік, мін, қатемен жұмыс, қуаныш сыйлау, жақсылық жасау.

Сенің кемшілік жіберген кезің болды ма? Ондай жағдайда қандай шешім қабылдадың? Мүмкін кемшілік немесе қателесу – мінсіз дүние жасауға әкелетін қадам шығар?

Табысты адамдардың басты қағидасы: «Қателесу мен кемшілік – тек тәжірибе мен керемет нәтиже көзі!». Егер өз қателіктеріңді тәжірибе ретінде қабылдасаң, кемшіліктеріңді түрлендіре түзетсең, жоғары деңгейге көтерілесің.

Жұмыс істегенде еш кемшілік жібермей, бірден керемет дүние жасау мүмкін емес. Оны жалпы адамзат тәжірибесінен байқауға болады. Мысалы: адамдар өздеріне керек құралдарды тастан да, темірден де, ағаштан да жасап көрген. Келе-келе ең ыңғайлы нұсқалары ғана қалды.

Қате – адамның іс-әрекет барысында кейде жаңылысуы. Мәселен, шешім қабылдаған кезде дұрыс нұсқаны ойластырмауы, қолданыстағы заттың қасиеттері мен ерекшеліктерін ескермеуі т.б.

Қазақ халқында: «Қателеспейтін жақ, сүрінбейтін тұяқ жоқ» деген сөз



Маңызды ақпарат

Кемшілік – атқарылған істе, мінез-құлықта байқалатын олқылық.
Қате – әрекеттің, шешімнің уақыт өткен соң теріс болғанын аңғартатын ұғым.
Жақсылық жасау – ізгі ниет, адал пейілден туындайтын адамгершілік қасиет.
Идея – тапқырлыққа негізделген тың ой.

бар. Демек, қателікті түзетсе білсең, қателесу қорқынышты емес. Ол тіпті тың шешім табуға бағдар болуы мүмкін. Мысалы: балалардың сүйікті тәттісі «Nutella» жіберілген қателіктен жол табу мақсатында ойлап табылғанын көбісі біле бермейді. Күннің өте ыстық болуынан мерекеге дайындалған барлық шоколадтар еріп кетеді де, өндірушілер тәтті ерітіндіні қолданудың басқа жолын ойластырады. Осылайша олар жаңа өнім ойлап тапты.

Кез келген жағдайда қиындық пен кедергіге мойымай, тың шешім табуға ұмтылу керек. Адам баласы қисынды ойлау, тапқырлық таныту қабілетін тың шешім қабылдауға, жаңа даму бағытын табуға қолдана біледі. Адамдарға қуаныш сыйлау адал ниет, ізгі ой, құрмет сезімі арқылы жүзеге асады. Жасалған жұмыста қателік орын алды десек те, кейде сол кемшілік нәтижесі адамдарға қуаныш сыйлайтын жағдайлар да орын алады екен. Мәселен, Леонардо да Винчидің «Мона Лиза» атты туындысы XVI ғасырда дүниеге келген. Суретшінің салған суретіне көңілі толмаған. Алайда XX ғасырдан бастап осы туынды теңдессіз шығарма ретінде танылып, бүкіл әлемді таңдандыруда.

Қуаныш сыйлау жақсылық жасаумен де байланысты. Қарт кісінің мұқтаж затын әкеліп беру, бүлдіршіннің арманын орындау, ауырған жанның көңілін сұрау т.б.

Жүсіп Баласағұни: «Жақсы іс көп жасайды», – деген екен. Расында да жақсы ісімен тарихта аңыз болып қалған жандар қаншама!

Үнді халқының алғашқы премьер-министрі Джавахарлал Неру былай депті: «Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық – қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент – Дінмұхаммед Қонаев».

Сен де еліңнің жақсы ісімен танылатын перзенті бол! Осы бағытта білімінді ұштап, техника тілін меңгеріп, жаңа идеяларды туындата біл. Ал ол – қоғам дамуына қосатын үлесің!



Талда

1. Мәтін негізінде ойларыңды ортаға салыңдар. Су тасыған адамның әрекетін қалай бағалар едіңдер (мысалы: құмыраны ренжітпеу үшін берілген жауап, тың идея, құмыраны ауыстыру мүмкіндігі жоқтығы т.б.)?

Жарық құмыра


(үнді аңыз)

Баяғыда бір адам күн сайын екі саз құмырасымен қарт әкесінің үйіне су тасиды екен. Бір құмыра еш кемшілігі жоқ, жаңа болса, екінші құмырада жарықшақ болған. Өлгі адам суды алып бара жатқанда, екінші құмырадан су тамшылап бара жататын. Осылайша ол әкесінің үйіне жақындағанда, екінші құмырада судың жартысы ғана қалатын. Бүтін құмыра жарық құмыраға күле қарап, мазақтайды. Кемшілігіне күйінген жарық құмыра бірде иесіне:

– Қожайын, менің кемшілігім саған қосымша қиындықтар әкеледі. Егер мен бүтін болсам, онда әкеңнің үйіне күн сайын екі толық құмыра су барар еді. Ал қазіргі жағдайда бір жарым құмыра су тасып жүрсің, – дейді.

Ер адам жымып:

– Кемшілігім бар дейсің бе? Сен күн сайын жүретін жол бойында қандай әдемі гүлдер өсетінін көрдің бе? – дейді.



1-сурет. Құмыралар

– Иә, көрдім.

– Ол гүлдер неге дәл сен жақ жағалауда өсетініне назар аудармаған боларсың? Онда тыңдап ал: сен өзің кемшілік санағаныңмен, сол гүлдерді суғаруға көмектесіп жүрсің. Сенің арқанда гүлдер суға қанып, жайқалып өседі. Жол жағасындағы гүлдердің әдемілігі мен өсемдігіне бәрі сүйсінеді. Мен кейде сол гүлдерді теріп, әкеме әкелемін. Міне, солай сенің кемшілігің қуаныш сыйлайтын пайдалы әрекетке айналды.

2. «Абай айтқан ақиқат» тақырыбында төмендегі кесте бойынша пікірлеріңді жазыңдар.

Абай сөзі	Менің ойым
Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтуғынының, рас сөзі аз болатуғынының, қызметке таласқыш болатуғынының, өздерінің жалқау болатуғынының себебі не? Һәмма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.	Қазіргі заманда бұл кемшіліктер бар ма?
Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметінен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек – әр қазақтың ойы осы. Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? (Үшінші қарасөз)	Бұндай кері әдеттен қалай құтылуға болады?

3. QR-code-тағы мәліметті тыңдап, жақсылық жасау мен қуаныш сыйлау арасындағы байланысты анықтаңдар.





1938 жылдың желтоқсанында Лондон биржасында жұмыс істейтін Николас Уинтон еңбек демалысына шықты. Швейцария тауларына барып демалу үшін шаңғы да сатып алып қойған болатын. Аяқ астынан досы Мартин Блэйби телефон соғып, еврей балаларын құтқару үшін көмекке шақырады. Уинтон Прагаға келіп, бұл іске дереу кірісіп кетті. 669 баланы аман алып қалуға үлес қосқан Николас Уинтон соғыс жылдарында Британ империясының әскери-әуе күштерінде қызмет етті. Зейнетке шыққан соң қарттар үйін ұйымдастырады.



НИКОЛАС УИНТОН

1988 жылы әйелі бір құжатты іздеп жүріп, шатырдан көптеген баланың фотолары мен құжаттарын тауып алады. Ол бұл құжаттарды журналистерге береді.

Тележурналист Эстер Ранцен «Ток-шоу» ұйымдастырып, сол кезде құтқарылған балаларды Лондонға шақырғанда, 80 бала өз отбасыларымен келіп қатысады. Н.Уинтон бұлардың кезінде өзі құтқарған балалар екенін білмеді. Тек хабар барысында барлығы орындарынан тұрып құтқарушысына құрмет көрсеткенде, қатты толқып, көз жасына ерік берді.

Николас Уинтон ұзақ жасап (1909–2015 жж.), 107 жасында дүние салды. Ол құтқарған 669 еврей баласының ішінен әлемге белгілі британ режиссері Карел Рейш, американдық балалар генетигі Рената Лаксова т.б. танымал тұлғалар шыққан.

«Qamshy.kz» сайтынан



Ізгілік пен мейірімділік туралы өлең жолдарын келтіре отырып, «Жақсының аты өлмейді» тақырыбында эссе жаз.

Әдептілік әліппесі

Атам менің әманда
Әдепті жан бол деген.

Асыл сөзі санамда –
Жасы үлкенге жол берем.

Алдын орап кісінің,
Кесіп өтпей көлденең,
Ізетімен кішінің
Сәлемдесіп, қол берем.

Атам менің әманда
Кішіпейіл бол деген.
Асыл сөзі санамда –
Мақтанбауды жөн көрем.
Өзімді мен өзгеден
Санамаймын жоғары.
Әуес боп жел сөзбенен
Көпіргенім жоқ әлі.

Атам менің әманда
Әділетті бол деген.
Асыл сөзі санамда –
Жүрем әділ жолменен.
Қалдыратын ұятқа
Жалған сөзге төзбеймін.

Жеткізетін мұратқа
Тек шындықты көздеймін.

Атам менің әманда
Бол дейтұғын бауырмал.
Мынау байтақ ғаламда
Қаншама дос, бауыр бар.
Дейтін атам әманда
Мейірімділік – борышың.
Қадірлі қарт адамға
Берем ылғи қол ұшын.

Атам менің әманда
Бол дейтұғын тілалғыш.
Асыл сөзі санамда –
Алып жүрмін кіл алғыс.
Атам менің әманда
Бол дейтұғын бірлікшіл.
Бірлік болса адамға –
Бақыт дейтін тірлік бұл.

Абдрахман Асылбек



Ойна да ойла!

Танымал тұлғалардың рөлінде нақыл сөздерді қатыстырып, күнделікті өмірден мысалдар келтіріңдер (оқиға, кинодан үзінді, кітап кейіпкері әрекеті, ата-әже, әке-шеше өмірінен мысал және т.б.).

«Үш сұрақ» тәсілі арқылы төмендегі сұрақтарға болжаммен жауап беріңдер:

- 1) Танымал тұлғалардың нақыл сөздерді айтудағы мақсаты неде?
- 2) Бұл нақыл сөздер кімге арналған?
- 3) Танымал тұлғалар қазір өмір сүрсе, қандай нақыл сөздер айтуы мүмкін?

Жұмыс соңында осы нақыл сөздерге байланысты бір минуттық бейнеролик дайындаңдар.

Тегіс тексер сөз көрсең сыр мен сынын,
Түзетуге именбе – тапсаң мінін.

Шәкәрім Құдайберді

Өз мініңді көруден басқаның мінін көру оңай.

Ғабит Мүсірепов

Сүйегі жоқ балық болмайтыны сияқты, кемшілігі жоқ адам болмайды.

Мартин Лютер

Текті адам кемшілікті өзінен іздейді, ақылсыз өзгеден іздейді.

Конфуций

Өз топшылауым бойынша, адамның қай мінезі қасиетті болса, сол мінезі міні де болады.

Мұхтар Әуезов

Өз кемшіліктерімізді көре білейік. Жетістікке жетудің басты жолы – осы.

Дейл Карнеги



Жағдаяттық талпырма

Мәтінді оқып, балалардың іс-әрекетіне баға бер. Қандай кеңсідікке ұрынды? Енді не істегендері жөн?

1. Айжан үйден есеп шығармай келді. Құрбысынан көшіріп алды. Нәтижесінде екеуінің де есебі қате болып шығып, ескерту алды.
2. Қыран мен Садыр көрші тұрады. Екеуі сабақ оқып болған соң далаға шығуға келіскен еді. Олар лифтімен жоғары-төмен сырғып ойнауға кірісті. Сөйтіп жоғары-төмен «қыдырып» жүргенде лифт тоқтап қалды. Олар қорқып кетті. Қандай кеңес бересің?



Білімді тексер!

1. Қате мен кемшіліктің орын алу себептері қандай?
2. Не себепті кемшіліктермен жұмыс істеу кемелдікке алып келеді?
3. Неліктен адам кемшілікті өзінен іздеп, оны түзетуге ұмтылу керек?
4. «Жақсылық жасау – ерлік» деген тақырыпта мақала жаз.

Меңгерілетін білім:

- Зорлық-зомбылықпен күресу жолдарымен танысамыз.
- Зорлық-зомбылықтың алдын алуды үйренеміз.

Кел, ойланайық!

- Зорлық-зомбылық деген не?
- Зорлық-зомбылық орын алған жағдайда қорғану немесе қорғау амалдарын білесің бе?

Түйін сөздер

Қорқыту, сес көрсету, зиян келтіру, күрес, зардап, қорғану, қолдау көрсету.

Маңызды ақпарат

Зорлық-зомбылық – басқа адамға немесе адамдар тобына зиян келтіру, қорқыту немесе зиян келтіру мақсатында күш қолдану.

Халықаралық зерттеулерде балалар өміріне қатысты зорлық-зомбылықтың нысандарын анықтау үшін түрлі критерийлерді пайдаланады:

- психологиялық зорлық-зомбылық;
 - физикалық зорлық-зомбылық;
 - этика мен моральді аяқ асты ететін арсыздық әрекеттері;
 - бопсалау, қоқан-лоқы, кибербуллинг, құрбылар тарапынан қорқытып-үркіту, кемсітушілік және ересектер тарапынан ұрып-соғу арқылы жазалаулар т.б.
- Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі: Адамның өмір сүру құқығын бұзу жағдайында жауапқа тарту мен жазалау жүзеге асырылады.

Осы бағытта:

- мектеп оқушыларына эмоцияларын қалыпты сақтауды үйрету;
- құқығы бұзылған жағдайда қорғану амалдарын қолдану сауаттылығын меңгерту;
- психологиялық не физикалық жәбірлеу орын алғанда қорғана білу немесе жәбірленушіге қолдау көрсету шешімін қабылдау, жәбірленушіге барынша қолдау көрсету жүзеге асырылады.

Сен итті немесе күшікті жәбірлеген жағдайларды көрдің бе? Оның адамдар тарапынан өзге тіршілік иелеріне жасалған зорлық-зомбылық екенін түсіне алдың ба? Егер осы әрекетке дер кезінде тыйым салынбаса, онда ол адамдар арасында да орын алатын әрекетке айналатынын сезген боларсың?

Зорлық-зомбылық – адамдар тарапынан эмоцияны бақылай алмау, психикалық тұрақсыздық және қасақана басқа адамды жәбірлеу, күш көрсетіп өміріне қауіп тудыру мен жан-дүниесіне жарақат салудан тұратын әрекеттер.

Әлемнің барлық елдерінде зорлық-зомбылықпен күресуге және құрбандарды қорғауға бағытталған заңдар мен шаралар бар.

Қазақ халқы да ежелден адам өмірін ең құнды, бағалы құбылыс ретінде бағалап, заң мен ережелер бекітіп

отырған. Мәселен, Есім ханның «Ескі жолы», «Жеті жарғы» т.б. Ұрпақ тағдырына ел болып жауапкершілік алған, жетімін жылатпаған.

Зорлық-зомбылықпен күресу – қоғам үшін маңызды міндет. Құқық қорғау органдары, психологтер, әлеуметтік қызметкерлер және басқа мамандар жұмылдырылып, қиянаттың алдын алу ісін жүзеге асырады.

Түрлері:

1. *Психологиялық зорлық-зомбылық* – адамды қорқытуға, үрей сезімін тудыруға, мінезіне ықпал етуге, оның өзін бағалау сезімін жоюға, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын тоқтатуға, жақсы өмір сүруіне кедергі келтіруге бағытталған қасақана істелетін іс-әрекет.
2. *Физикалық зорлық-зомбылық* – басқа адамның денсаулығына, өміріне қауіп әкелетін, өзін-өзі бағалау сезіміне нұқсан келтіруі мүмкін физикалық күш көрсету.
3. *Бопсалау* – сескендіру немесе тән жарақатын салу қауіпін туғызып, қысым жасау не мәжбүрлеу арқылы заңсыз ақша мен мүлік талап ету түрінде көрінетін қылмыстық әрекет.
4. *Кибербуллинг* – біреудің қыр соңына түсу, қорқыту, ұялту, қорлануын арттыру мақсатында Интернетті не басқа технологияларды пайдалану. Бұған дәрекі, қатыгез сипаттағы мәтіндік хабарламалар жіберу; жәбірленушіні қашықтан мазақ ету не жеке басына тән ақпаратты, фотоны не бейнежазбаны жария ету сияқты әрекеттер жатады. Құрбылар тарапынан қорқытып-үркіту – адам психикасына әсер ететін агрессивті әрекеттер.

Зорлық-зомбылық жәбірленушінің физикалық және психологиялық денсаулығына ауыр зардаптар әкеледі.

Зорлық-зомбылықтың алдын алуға көмектесетін стратегиялар:

- құрметке, сенімге негізделген достық пен адамгершілік қарым-қатынас;



2-сурет. Әлімжеттік

- көңілге сыймайтын жайсыз жайттарды бақылау, бұл туралы сенім орталықтарына хабарлау, сенімді адаммен сөйлесуден тартынбау;
- өзін-өзі қорғау дағдыларын үйрену: өзін-өзі бағалау, заңды түрде өзін-өзі қорғау әрекетін дамыту.

Адам өмірі – тіршіліктегі ең бағалы ұғым. Әр адам осыны түсінуі керек. Өз бағасын білген адам өзгенің өмірін де бағалап, сезімдерін құрметтейді. Ол әділетсіздікке қарсы күресе алады. Зорлық-зомбылыққа сенімді түрде қарсы тұруға және қысымға қарсы қайсарлық пен табандылық танытуға дайын болады.

Сен өзіңнің құрмет пен қауіпсіздікке лайық екеніңді, өз денсаулығыңды сақтау маңыздылығы мен армандарыңды жүзеге асыруға құқылы екеніңді ұмытпа!



Талда

«Зорлық-зомбылық – саналы тіршілік иесіне жат қылық» тақырыбын өмірмен байланыстыра отырып талдаңдар.

<https://www.gov.kz> сайтынан Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Бұқаралық ақпарат құралдары туралы №451 Заңының 18-4-бабындағы интернет-ресурстардағы балаға қатысты кибербуллинг фактілерін қарау мәселелерін де қоса қамтыңдар.

Мақсаты: қоғамдағы ең ауыр қылмыстық әрекеттердің заңсыздығы мен қауіптілігін талдау.

Көтерілетін, талданатын мәселе бағыттары:

Адам өмірінің құндылығы;

Құқыққа қолсұғу әрекеттерінің заңсыздығы;

Теріс әрекетті болдырмау стратегиялары;

Айтылған ойлар негізінде үндеу қабылдау.



Өзіндік жұмыс

«Зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке жол жоқ» тақырыбында «Сұхбат алу» тәсілімен журналист, заңгер, оқушы, психолог, ата-ана рөлдерін бөліп алып, сұхбат жүргізіндер.



Жағдаяттық талсырма

Мәтінді оқып, балалардың іс-әрекетіне баға бер. Саламаттың орнында болсаң, не істер едің?


Саламат ауылда тұрады. Ол болашақта журналист болғысы келеді. Саламат қазақ тілі мұғалімінің кеңесімен әлеуметтік желіде ауылдың өмірінен блог жүргізе бастады. Күнделікті ата-анасына мал бағуға көмектескенін, су тасығанын, футбол ойнағандарын т.б. өзіне қатысты жайттарды салып отырды. Оқырмандардың көбі қолдау білдіріп жатты. Алайда өзімен жасты ұлдар оны мазақтап жазды. Бұл оған ауыр тиді. Блогын жүргізгісі келмей қалды.



Ойна да ойла!

Сөзжұмбақты шешіңдер.

Қол ұшын беріп, үнемі жағдай жасайтын адам.
 Жүрек жылуы, шарапаты басым жан.
 Адамдарға, жан-жануарларға, табиғатқа қамқор адам.
 Айтқан сырыңды сақтайтын адам.
 Қамқорлық танытып, әрқашан көмекке келетін жан.
 Әдепті, сыпайы, өнегелі адам.
 Кеңпейіл, қолы ашық кісі.



Біліміңді тексер!

1. Зорлық-зомбылық туралы не білдің?
2. Зорлық-зомбылықты қандай адам жасайды?
3. Зорлық-зомбылықтың алдын алу не одан қорғану қалай жүзеге асады?

II БӨЛІМ.

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ

Бұл бөлімде сен: мектебіңнің жетістіктері туралы әңгімелейсің; ана тіліңді құрметтеудің маңызын түсінесің; өз елін танымал еткен тұлғалардан үлгі алуды үйренесің.



Меңгерілетін білім:

- «Мектеп жетістіктері» деген ұғыммен танысамыз.
- Ең үздік жетістіктер деген не екенін білеміз.

Кел, ойланайық!

- Өз мектебіңнің жетістіктері туралы білесің бе?
- Сен мектептің қандай жетістіктеріне үлес қостың?

Түйін сөздер

Олимпиада, жетістік, көрме, чемпион, атақты, дәреже.

Маңызды ақпарат

Мектеп жетістіктері – мектепте оқитын балалардың білім мен тәрбие бағытында түрлі деңгейдегі олимпиада, байқау, сайыс, жарыстарда қол жеткізген үздік нәтижелерінің жиынтығы.

Үздік жетістік иелері:

- білім саласындағы үздіктер;
- спорт саласындағы жеңімпаздар;
- әлеуметтік, техникалық бағыттардағы жобалар сайысының жүлдегерлері;
- мәдениет пен өнер саласындағы дарындар т.б.

Сен оқитын мектепте танымал оқушылар бар ма? Олар қандай салада нәтиже көрсеткен екен?

Мектеп жетістіктері – мектепте жүзеге асырылған бірнеше жұмыс бағыттары нәтижелерінің жиынтығы. Мектеп оқушыларының пәндік, спорттық, техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік және тағы басқа бағыттардағы түрлі олимпиада, байқаулар, жарыстарға қатысып, мектеп намысын қорғау мүмкіндіктерін көрсетуіне жағдай тудырылған. Бүгінгі мектеп оқушысы – еліміздің ертеңгі азаматы. Оның жан-жақты тұлға болып қалыптасуы, өмірге қатысты көзқарасы мен мақсатының айқын болуы – мектептің басты міндеттерінің бірі.

Танымал олимпиада чемпиондары, ғалымдар мен өнертапқыштар, еңбек ерлері, қарапайым да бақытты адамдар – бәрі де мектептен өз армандарын шыңдаған, алғашқы жетістіктеріне мектеп кезінде қол жеткізген. Алғашқы қадамдары бірден сәтті болмаған да шығар. Олар кедергілермен күресіп, қиындықтарды еңсеріп, шеберлігі мен білімін арттыруға жылдар бойы еңбектенді. Алдарына мақсат қойды, табандылық пен жігерлілікті серік етті.

2023 жылы қазақстандық оқушылар түрлі халықаралық олимпиадаларда 228 медаль жеңіп алған. Олардың ішінде 23 алтын, 71 күміс және 134 қола медаль бар екенін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлаған. Ел

намысын қорғаған 737 оқушының ішінде 23 оқушы математика, физика, биология, лингвистика және химия пәндерінен ең беделді халықаралық олимпиадаларда 19 медаль жеңіп алды.

Мектеп – алдына мақсат қойып, армандарыңа қадам жасауға мүмкіндік беретін, тәжірибе жасау алаңы. Ол білім сайыстарына қатысып, өз жобанды ұсынып, тың жаңалық енгізуге жол ашады. Ең бастысы, қызығушылық, еңбекқорлық пен табандылық болуы керек.

Сен де өз мектебіңнің ірі жетістіктеріне үлес қосуды ойға алсаң, онда өзің қызығатын пәнді таңда. Достарыңмен бірге қызықты зерттеулер жасауға уақыт бөл. Болашаққа бүгіннен дайындал. Мектеп жетістіктерінде сенің де атың тұрар, спортқа қызықсаң, сенің құрметіңе Әнұран ойнар күн болатынына сенімді бол.



3-сурет. Жеңімпаз



Талда

Мектеп жобасын талдап, осы негізде өздерің армандаған болашақ мектептеріңнің жобасын ұсыныңдар.

Жобаның атауы: «Болашақ мектебі»

Жобаның мақсаты: бүгінгі мектеп жетістіктерін қарастырып, ой қорыту. Дамыған техника мен технология мүмкіндіктерін қолдана отырып, қиялдағы «Болашақ мектебінің» жобасын жасау.

Жобаның кезеңдері:

1. Өз мектебімнің жетістіктері:
 - бүгінгі күндегі «мектеп қоржынына» қосылған мектеп оқушыларының үлесі мен қол жеткізген нәтижелерін зерттеп, мәні мен маңызын анықтау;
 - үздік нәтижеге қол жеткізу себептері мен білім меңгеру сапасын арттыру мүмкіндіктерін талдау.
2. «Болашақ мектебіне» идеялар:
 - әр оқушының қажеттіліктерін ескеретін жеке оқыту жүйесін енгізу идеясын талқылау;
 - идеялар алаңы: «Болашақ мектебі» жобасын таныстыру.



Қызықты ақпарат

1. Теледидар. Американдық өнертапқыш Фило Фарнсворт 14 жасында мұғаліміне алғашқы теледидар жүйесінің суретін ұсынды. Кейінірек идеясын дамытып, «теледидардың атасы» атанды.
2. Электр энергиясы. Томас Эдисон мұғалімдері мылқау деп санағандықтан, мектептен шығарылған екен. Бірақ ол қыздыру шамы және басқа өнертабыстар жасаған атақты ғалым болып өсті. Ол бала кезінен электрмен тәжірибе жасай бастады. 10 жасында өз үйінде алғашқы химиялық зертхана ашты. Тәжірибе жасайтын жабдық алу үшін ол 12 жасынан бастап пойыздарда газет сатты. 15 жасында ол баспа станогын сатып алып, өз газетін шығара бастады.
3. Бэтмен және Робин. 12 жасында Билли Маурисон Бэтмен кейіпкерін жасады. Оның досы Марвин Финкельштейн осы кейіпкерден шабыт алып, Боб Кейнге Бэтмен оқиғаларын жазуды ұсынды. Суперқаһарман туралы өңгімелер осылайша басталған.



Өзіндік жұмыс

1. QR-code-тағы бейнежазбаны көріп, Абай ақын білім алған кезеңді сипатта.
2. Компьютерлік бағдарлама көмегімен (<https://www.canva.com>) «Мектеп мақтаныштары» тақырыбында мектеп жетістіктеріне қол жеткізген оқушылар туралы фотокітап жасаңдар.



Ойна да ойла!

Мақалдардың идеясын мазмұндық суреттер мен комикс түрінде бейнелеп, суреттер көрмесін ұйымдастырыңдар.

1. Білімнің кілті – мектепте.
2. Мектеп – кеме, білім – теңіз.
3. Алтын алма, білім ал.
4. Ақыл – тозбайтын тон,
Білім – таусылмайтын кен.



Білімді тексер!

Мектеп жетістігіне сенің және достарыңның қандай жетістіктері жатады деп ойлайсың?

Меңгерілетін білім:

- Тілдің адам өміріндегі мәні мен маңызы туралы білеміз.
- Ана тілі мен ұлт тағдырының байланысын түсінеміз.

Кел, ойланайық!

- Ана тілі туралы қандай ақпарат білесіңдер?
- «Ана тілі – мәңгілік мұра» деген сөзді қалай түсіндірер едің?

Түйін сөздер

Тіл, қарым-қатынас құралы, ана тілі, ұлт тарихы, өзге тіл, халықаралық қатынас.

Маңызды ақпарат

Ұлттық тіл – ауызекі және жазба түрде ұлттық қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын әлеуметтік-тарихи категория. Өзінің даму дәрежесіне орай ол ру тілі, тайпа тілі, ұлт тілі болып бөлінеді.

Қазақ тілі түркі тілдерінің **қыпшақ тобына**, соның ішінде қарақалпақ, ноғай, қарашай тілдерімен бірге **қыпшақ-ноғай тармағына** жатады. Ол қырғыз, татар, башқұрт, қарашай-балқар, құмық, қарайым, татар тілдеріне жақын.

1993 жылғы және 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституцияларында қазақ тілі **мемлекеттік мәртебеге** ие болды.

Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы 1997 жылы 11 шілдеде қабылданды. Ол 6 тарау, 27 баптан тұрады.

Сен дүниедегі ең сұлу тіл қай тіл екенін ойланып көрдің бе? Осы сұраққа кезекті сабақта бір қыз ғана жауап берді. Сыныптастарын таңдандырған Айбану орыс тілінде: «Ең сұлу тіл – қазақ тілі!» – деді. Ол ұзақ жылдар Ресейде емделген. Қазақ сыныбына өзі сұранып келген екен. «Мен ана тілімді нағыз музыка тілі деп қабылдаймын. Димаштың әндері – менің ана тілге деген сағынышым. Үш жастан аурухана төсегінде жаттым. Теледидардан Димаштың әнін естігенде жылап жібергем. Қазақ тілін үйрену үшін барымды саламын!» – деді. Сынып үнсіз қалды. Кім не ойлады екен?

Тіл – ең қасиетті құндылық. Тіл – қарым-қатынас тәсілі, адамдардың бір-бірімен тілдесу мүмкіндігі.

Әлемдегі ең көп таралған тіл – ағылшын тілі. Себебі оның таралу және қолдану аймағы кең. Ол – халықаралық тіл. Қазақ тілі – түркі тілдерінің

ішіндегі мағынасы терең, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі әдемі, ерекше тіл. Оның дыбысталу жүйесінде де әлем халықтары тілінде қолданылатын дыбыстардың (ң, ғ, ө, ә, ү, т.т.) бәрі бар. Демек, қазақ тілін жақсы меңгерген жан өзге тілдің дыбысталу жүйесін үйренуде қиындық көрмейді.

Өзге тілді үйрену қажет: ол, ең бірінші – білім көзін кеңейту мүмкіндігі; екінші – әлем мәдениетінен хабардар болу, оны үйрену мен тың тәжірибе алаңы; үшінші – жаңа әлемді тануға және жаһанмен байланыс орнатуға есік ашатын кілт.

Италияда «Тоскана» атты көне мемлекет кезеңінен қалған атау бар. Ежелде көшпенділер өздерін «тоск, тоскан» деп атайтын деген дерекке сүйенсек, «туыс, туысқандар (тоск, тоскандар)» деп бір-бірін жақын санағанын көреміз. Бұл – бір ғана мысал. Ал зерттеген жан сан қызыққа куә болары сөзсіз.

Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес. Қазақ тілі – қазақ елінің шежіресі, тарихы, тағдыры. Ол – әлемдік кеңістікте өз орнын, мәртебесін белгілеген тіл. Екі жүздей мемлекеттік тіл бар деп танылса, соның бірі – ана тіліміз. Мемлекеттік тілдің халықаралық тіл ретінде қолданылу болашағы да бар.

Тіл – халықтың мұрасы. Оған әр перзент қамқор болып, қорғауы керек. Барша халық, батырлар мен хандар, жыраулар, шешендер ғасырлар бойы қолданып, ана тіліміз арқылы дау шешіп, соғыстың бетін қайтарған.

Абай қазақ тілінің ерекше әдеби қолданысын қалыптастырса, Ахмет Байтұрсынұлы оны ғылым тіліне айналдырды.

Қазақ тілі – көне ғасырлар мұрагері, тіл тарихының мұрағаты және заманауи ғылым тілі.

Әлемді таңғалдырған оқиға лив тіліне қатысты орын алды. Лив ұлтының 29 өкілі болған. Алайда, лив тілін қолданатын жалғыз адам қайтыс болғанда өзге 28 адам тілді қолданбайтынын айтқан. Осы жайт лив тілінің ғұмырын шешті. Лив тілі өлді, онымен бірге «лив» деген ұлт та өз өмірін тоқтатты. Сондықтан қай ұлттың өкілі болмасын, ана тілі үшін күресуге міндетті екенін естен шығарма. Туған тілді құрметтеп, бабалар аманатына адал бол! Себебі тіл – тарих! Онда біз зерттеп үлгермеген таңғажайып ақпараттар бар. Мәселен, кезіндегі Орхон-Енисей руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына төн тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше сенің де ана тілің ғарыш дәуірінде жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз. Ол – сенің ғажайып қазынаң!



1. «Ана тілді ардақта!» тақырыбында төрт топқа бөлініп, данышпандар пікірін негізге ала отырып, пікірсайыс ұйымдастырыңдар.

Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды.

Абай Құнанбайұлы

Тіл – өткір найза.

Майлықожа Сұлтанқожа

Тәрбие басы – тіл.

Махмұд Қашқари

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

Ахмет Байтұрсынұлы

2. Қазақ тілі туралы айтылған шығыс зерттеушілері пікірлерімен танысып, талдап, «Қазақ тілі – ең бай, таза түркі тілінің бірі» тақырыбында зерттеу жұмысын жазыңдар.

В.В.Радлов (1837–1918 жж., ресейлік шығыстанушы): «Қазақтардың тілі жатық та шешен, әрі өткір, көбіне іліп-қағып сұрақпен жауап беруге келгенде таңғалдырарлықтай оралымды сөйлейді. Кез келгені, тіптен сауатсыздарының өзі, ана тілінде біздің Еуропада байқап жүргенімізден тек француздар мен орыстардың дәрежесінде сөйлей біледі».

П.М.Мелиоранский (1868–1906 жж., шығыстанушы, профессор): «Қазақ тілін зерттеушілердің барлығы да оны бір ауыздан ең бай, ең таза түркі тілдерінің бірі деп таниды».

Н.И.Ильминский (1822–1892 жж., Қазан университетінің профессоры): «Ертедегі түркілер тұрмысының көптеген іздерін өзінде сақтап қалған қазақ тілін мен ерекше ұнаттым. Қазақ даласы менің халық тіліне деген сүйіспеншілігімді қалыптастырды, оған мен тілдік зерттеу үшін нағыз таптырмайтын құжат ретінде қарай бастадым».

С.В.Малов (1880–1957 жж., орыс ғалымы): «Қазақ тілі өзінің бейнелілігі, мәнерлілігі жағынан басқа түркі тілдерінен әрдайым бөлекшеленіп тұрады. Қазақ – өзінің ауызекі көркем тілімен, айшықты әсем фольклорымен бұрын да, қазір де даңқы шығып жүрген халық».

А.Янушкевич (1803–1857 жж., поляк журналисі): «Қазақтардың ақыл-ой қабілетінің жоғарылығына барған

сайын көзім жетуде. Қандай әсем сөйлейді. Кез келгені айтайын дегенін тез түсіндіре, қарсыласының сөзіне шебер тойтарыс бере біледі. Тіпті балаларының ақыл-есі де тез жетіледі».

Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937 жж., қазақ тіл білімінің негізін қалаушы): «XX ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті».



Қызықты ақпарат

Авар тілі – Дағыстанда, солтүстік Әзірбайжанда, шығыс Грузияда тұратын авар халқының тілі. Кавказ тілдерінің дағыстан тобына жатады. Расул Ғамзатовтың «Менің Дағыстаным» кітабын тауып оқыңдар.

Бірде Париж қаласында дағыстандық суретшіге жолықтым. Италияға оқуға барып, еліне оралмаған екен. Өлемді шарлап, қымбат қонақүйлерде түнеп, алтын қасықпен ас ішіп жүрсе де, туған жерін аңсайды екен. Сағынышын суреттерінде бейнелепті. Бір суретін «Туған жерге сағыныш» деп атапты. Суретте италиялық әйелге көне авар киімін кигізіпті. Күміс құмыраны ұстаған әйел бұлақтың басында тұр. Терең сайдағы шағын авар ауылы. Таудың басын боз тұман бүркеген.

– Тұман – менің көз жасым, – деді суретші.

Келесі шығармасында тікенді жалаңаш бұтақта отырған құс бейнеленіпті. Бұтақ жықпыл тастардың арасында өсіп тұр. Суреттің тарихы туралы авторы былай деді:

– Ертедегі аварлардың аңызы негізінде сызған едім... Ертеде бір аңшы кішкентай әдемі құсты ұстап алып, алтын торға қамайды. Өлгі құс күні-түні: «Отан, Отан, Отан», – деп шырылдайды. Менің қазіргі өмірім сияқты. Аңшы: «Бұл құстың Отаны қайда екен, шырылдауына қарағанда жұмақ мекен болар. Босатып жіберіп, артынан ілесіп көрейін», – деп ойлайды. Ұшып шыққан құс он аттам жердегі



РАСУЛ ҒАМЗАТОВ

жықпыл тастардың ортасында өскен жалаңаш бұтаға барып қоныпты. Ол бұтада құстың ұясы бар екен. Мен де алтын торда отырып, Отанымды аңсаймын.

– Еліңе неге бармайсың?

– Енді кеш. Туған жерімнен жалынды жас адам боп кеттім, өзге елге еңбек еткен адамды ұялмай қалай қайтарамын?!

Париждан елге оралған соң, суретшінің туыстарын сұрастырдым. Таңданарлық жағдай, анасы әлі тірі екен. Барлық ағайыны бір үйге жиналып, менің сөзімді тыңдады. «Әйтеуір тірі екен ғой», – десті.

– Сен екеуің аварша сөйлестіңдер ме? – деп кәрі анасы ойламаған жерден тосын сұрақ қойды.

– Жоқ, біз аудармашы арқылы сөйлестік. Мен орысша, ол французша.

Анасы қара жамылғымен бетін жапты. Ол – қадірлі адам өлгенде жасалатын рәсім. Үй іші жым-жырт. Көп уақыт үнсіздіктен кейін кәрі ана:

– Расул, сен шатасқан боларсың. Менің балам баяғыда өлген. Ол менің балам болса, мен үйреткен ана тілін – авар тілін ұмытуға тиіс емес еді, – деді мұңды күйде.

Р. Ғамзатов



Өзіндік жұмыс

1-топ «Мың бір мақал» тақырыбы бойынша жұмыс істейді:

- 1) мақал-мәтелдің, қанатты сөздердің жалғасын табыңдар;
- 2) бұл мақалды қандай мақсатта, қандай жағдаятқа байланысты қолдануға болатынына мысал келтіріңдер.

1. Тіл – адам ойының
2. Аңдамай сөйлеген
3. Ойнап сөйлесең де,
4. Тисе – терекке, тимесе –
5. Айтылған сөз ... оқпен тең.
6. Бал тамған тілден ... тамар.
7. Таза сөйлеу – жоғары
8. Көп сөз – көмір, аз сөз –

2-топ полиглот адамдар туралы мәліметтер жинақтап, «Көп тіл меңгеру ана тіліңді жақсы білуден бастала ма?» тақырыбында эссе жазады.



Ойна да ойла!

Нақыл сөздерді оқып, топтарға бөлініп, пікірлердің авторлары туралы «Жедел мәлімет» танымдық ойынын ұйымдастырындар.

Ана тілін білмейтін адам – бір қолы жоқ шолақ адам сияқты.

Ғ.Мұстафин

Ана тілінен айырылған адам өз халқы жасаған мәдени мұраның бөрінен құралақан қалады.

Ғ.Мүсірепов

Қазақ тілі – сұлулығымен бой балқытып, тамыр шымырлататын, жан-жүйенді жандырып, құлақ құрышын қандыратын, өткірлігімен қысылтаяң тұста ер мен елге бірдей медет беріп, адам түгіл жағдайдың өзінің аузына құм құятын ғажайып кемел тіл.

Б.Момышұлы

Өркімнің туған тілі – туған шеше,
Оған бала міндетті сан мың есе.

С.Мұқанов



Жағдаяттық талпырма

Көптеген қалалардағы қазақ мектебінде оқитын оқушылардың үзілісте бір-бірімен орысша сөйлесетіні байқалып жүр. Кішкентай балалардың да (тіпті ауылдарда) тілдері орысша шығып жатыр. Неліктен? Жағдайды өзгертуге бола ма?



Білімді тексер!

1. Ана тілінің адам өміріндегі мәні мен маңызы қандай?
2. «Ана тілін сүйген жан – Отанының шынайы перзенті» дегенді қалай түсінесің?
3. Не себепті өзге тілді де үйрену қажет?

§6.

Өз елін танымал еткен тұлғалар. Тарих беттерінен

● Меңгерілетін білім:

- Танымал тұлға атану себебін талдап, танимыз.
- Танымал тұлғалардың ел тағдырына қатысты еңбегі туралы ой қорытамыз.

● Кел, ойланайық!

- Өз өлкеңнің мақтанышына айналған танымал тұлғалар кімдер?
- Тарихта із қалдырған танымал тұлғалардан кімдерді білесің?



Түйін сөздер

Тарих, тарихи тұлға, мемлекеттік қайраткер, қаһарман, олимпиада, жетістік, көрме, чемпион, абырой-атақ, ғылыми дәреже.

Өз өлкеңнің атақты адамдары туралы ақпараттарды білесің бе? Оларды неліктен ел құрметтеп, есімдерін тарих беттеріне жазды деп ойлайсың? Сен де елі құрметтер ерекше жан болам деп ойлайсың ба?

Тарих – адамзат баласының өткенін зерттейтін қоғамдық ғылым. Ол үнемі үздіксіз даму үстінде болады. Мемлекет болсын, жеке адам болсын



Маңызды ақпарат

Тұлға – парасаттылығы, пайымдау мен зияткерлік қыры, моралі мен даналық зердесі, қайраткерлік саналы әрекетімен танылатын, кісілік қабілеттері мен ерекшеліктері айқын жеке адам.

Елім деген ер тұлғалар

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев (1912–1993 жж.) 25 жылдан аса Қазақстанда басшылық қызмет атқарды. Осы кезде Жезқазған, Маңғыстау, Торғай облыстары ашылды. Павлодар-Екібастұз отын-қуат кешені, Павлодар трактор зауыты т.б. кәсіпорындар салынды. Өзбекстанға берілген мақта өсіретін қазақ аудандары қайтарып алынды. Қапшағай су қоймасы салынды.

Бауыржан Момышұлы (1910–1982 жж.) – Кеңес Одағының Батыры, Қазақстанның халық қаһарманы (1995 ж.). Батальон, полк командирі болған, гвардиялық дивизияны басқарған.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899–1964 жж.) аса көрнекті қазақ геологі, қоғам қайраткері, академик. Бір минерал (сәтбаевит) оның атымен аталады.

Тоқтар Әубәкіров (27. 07.1946 ж.) – техника ғылымдарының докторы, профессор, авиация генерал-майоры, есімі Гиннестің рекордтар кітабына енген, қазақ елінің тұңғыш ғарышкері. Оның: «Ғарышқа тек Тоқтар Әубәкіров емес, бүкіл қазақ баласы ұшып бара жатты. Қалыптасқан заң бойынша Ю.Гагаринше «Поехали!» деп айту керек. Мен осы дәстүрді бұзып: «Халқым, сен үшін отқа да, суға да түсуге дайынмын!» – дедім. Қазақша айттым...», – деген сөзі – нағыз патриотизм үлгісі!

А. Мұсабекова



АБЫЛАЙ ХАН



МАХАМБЕТ



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ

өткенін білмей қазіргісі мен болашағын бағалай алмайды.

Халық пен тарих – егіз ұғым. Қазақ халқының тарихы – әлемді таңғалдыратын әрі қызықтыратын ғажайып. Әлемде теңдесі жоқ тарихи қазбалар: Алтын адамдар, толық зерттелмеген көне қалалар, Күнбасты адам суреттері бар жартастар шынымен ғажап. Қазақстан аумағындағы ру-тайпалар тарихы, одан шыққан әлемге әйгілі адамдар тағдыры да бүгінгі күнде жалғасын тауып жатыр. Бұған мысал – елді әлемге танытқан тұлғалар, ғалымдар, еңбек ерлері, өнер адамдары т.т.

Қазақта ұлт тағдырын өз тағдырынан биік қойған ұлы тұлғалар баршылық.

Батырлар. Ел қорғаған ерлер есімі **Бөгенбай, Малайсары, Қабанбай, Махамбет, Бауыржан** және т.б. таусылмас тізіммен жалғасады. Мемлекет тарихында ел басқарған **Жәнібек пен Керей, Абылайлар** есімі, елі үшін құрбан болған алаш ерлері **Әлихан, Ахмет, Мағжанмен** ұласып, Қазақстанды басқарған ұлтжанды тұлғалар есімімен толыға береді.

Ғұламалар. Арыстар. Біздің атамекенімізден, қыпшақ даласынан әлемдегі «Екінші ұстаз» атанған ұлы ойшыл **Әбу-Насыр әл-Фараби** шыққан. **Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқарилер** ізін ғалым **Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаевтар** жалғастырған. Қазақтың ойшылы, ақын **Абай Құнанбайұлы, Алаш зиялылары Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы** сияқты ұлы тұлғалар ұрпақты оқу-білімге шақырумен қатар, саяси сауатын жетілдіруге де күш жұмсады.

Жазушылар. Ғалымдар. **Мұхтар Әуезов, Ілияс Есенберлин, Ермұхан**

Бекмаханов және Қайым Мұхамедханов, Әлкей Марғұлан сынды зиялылар кеңестік идеологияның қысым-шектеулері арасынан жол тауып, халықтың ұлттық құндылықтарын сақтап қалу үшін көп еңбек сіңірді.

Соғыс қаһармандары. Бабаларымыздың ел қорғаған ерлігінің жалғасын Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі батырларымыз **Бауыржан Момышұлы** бастаған қаһармандар келбетінен таныдық. Алматыдан жасақталған атқыштар бригадасы құрамындағы көзсіз ерлер, **Мәншүк Мәметова**, мерген **Әлия Молдағұлова** сияқты т.б. батыр, ержүрек тарихи тұлғаларымыз – қазақ тарихының өшпес қайнар көзі».

Тұлғалар шеруі аяқталмақ емес. «Аспан патшайымы» атанған **Хиуаз Доспанованың** аты аңыз боп әнге айналды.

«Алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер». 1980 жылы өткен Мәскеу олимпиадасының чемпионы **Үшкемпіров Жақсылық Әміреұлы**, кәсіпқой үздік боксшылардың ондығына кірген **Геннадий Головкин**, кезінде бұл-бұл атанған **Күләш Байсейітова**, әлемді таңғалдырған **Бибігүл Төлегенова**, **Роза Бағлановалар**, бүгінгі таңда жас өнші **Димаш Құдайбергеновтің** үнімен жалғасын тауып, қазақ әнін әлемге танытуда.

Жас композитор **Рахат-Би Әбдісағин** – «Дарын» мемлекеттік сыйлығының ең жас лауреаты. Өнер иесі 13 жасында Құрманғазы атындағы қазақ Ұлттық өнер консерваториясына оқуға түскен. Ол небәрі 14 жасында «Математика мен заманауи музыка» ғылыми еңбегін жарыққа шығарған. 18 жасында өнертану ғылымдарының магистрі атанған. Жас музыкант – 100-ге жуық туындының авторы.

Тұлға болу – бұл уақытты, тәжірибені және өзін-өзі тану мен танытуды қажет ететін үдеріс. Ол үшін тәжірибе жаса, жаңа бағыттарды үйрен, көкжиегіңді кеңейт, біліміңді арттыр. Өз бойыңда аса маңызды дағдыларды дамыту үшін жұмыс істе: үнемі ізден, оқы, шет тілдерін үйрен, шығармашылықты дамыт, спортпен шұғылдан, кәсіп үйрен және т.б.



ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ

Сен де өз еліңнің ерекше тұлғасы боларың анық! Еліңді сүй, оны мақтан тұт, елің үшін еңбегің мен күшіңді арна, адал бол, өзгелерді құрметте!



Талда

1. Топтарға бөлініп, тарихи тұлғалар туралы таныстырылым жасаңдар.
2. Төмендегі мәтінді оқып, «Өр тұлға – ер Қайрат!» тақырыбында пост жариялаңдар.

Рысқұлбеков Қайрат Ноғайбайұлы (1966–1988) – 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны, Халық қаһарманы (1996). Белгісіз жағдайда, түрмеде қазаға ұшыраған.

1988 жылы наурыз айының басында Қайрат түрмеде тамақ таратушы Балта ағайға Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» кітабын беріпті. Оның соңғы парағына шиыршықталған хатты қыстырып жіберген екен. Ол хатын түрмеде отырған қазақтың қыз-келіншектеріне арнапты. Өйткені дәл сол күні 8 Наурыз – Халықаралық әйелдер күні еді. Балта Исаұлы қыздарға бере алмағанмен, хатты сақтап қалған екен. Хат мазмұны мынадай:

Құрметті қаракөз қарындастар мен жылы жүзді жеңгейлер!

Шын жүрек, ақ көңіліммен алғашқы көктемнің күлімдеген мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймын!

Қайрат Рысқұлбеков Ноғайбайұлы. 08.03.1988 ж.

Неткен биік рух! Қандай қайтпас қайсарлық! Оның өзі кесілген ату жазасының 20 жылға бас бостандығынан айыруға ауыстырылғаны туралы естімегені хатынан байқалып тұр. Ауыр жазаны күтіп отырса да, Қайрат желтоқсанда ұсталған «қаракөз қарындастары мен жылы жүзді жеңгейлерін» қолдап, олардың көңілін көтеруді ойлаған екен. Бұл да ерлік!

3. QR-code-тағы мәліметті тыңдап, қазақтың қаһарман қыздары туралы білетіндеріңді ортаға салыңдар. Өз өлкеңнен қандай батырларды атар едің?





Қызықты ақпарат

- Парсы шығанағындағы шайқастан қайтарында әйгілі қолбасшы Александр Македонский алтын тастармен айшықталған қобдишаны өзімен ала кетіпті. Кейінірек сол қобдишада Гомердің поэмаларын сақтаған екен.
- ХХ ғасырдағы парсы патшасының уәзірі Абдол Қасым Ысмайылдың кітапханасы аса бай болған деседі. Ол 117 мың томдық кітаптарды 400 түйеден тұратын керуенге артып, өз сапарларына бірге алып шығатын болған.
- Нобель сыйлығының иегері Нильс Бор мен оның ағасы белгілі математик Харальд Бор футболшы болған. Тіпті Харальд Бор Данияның құрама командасында ойнап, 1905 жылғы олимпиадада екінші орын алған.
- Моцарт 3 жасынан бастап музыка жаза бастаған.



Өзіндік жұмыс

1. QR-code-тағы бейнежазбаға сүйене отырып, «Ойды жалғастыр» әдісімен хакім Абай туралы ойынды тұжырымда.
2. Өзің тұратын жердегі аймаққа еңбегі сіңген танымал тұлғалардан сұхбат алып, мектеп парақшасында жарияла.



Ойна да ойла!

Атақты тұлғалар пікірімен танысып, «Ақылды ойлар аукционы» ойынын ұйымдастырыңдар.

«Ақылды ойлар аукционының» шарты:

Жүргізуші оқушыларды топтарға бөледі. Әр топтан бір оқушы ортаға шығып, белгілі бір тұлғаның сөзін аукционға ұсынады. Аукционға қойылған қанатты сөздің құндылығы және бағалануы кестеге толтырылып, тақтаға ілінеді. Аукциондағы сатылым бағасы шартты түрде белгіленеді.

Адам дүниеге тек қана келіп, өшейін ғана аттана бермейді. Ол артында ой қалдырады, ойдан мұра қалдырады.

Баубек Бұлқышев

Ең мықты адам – қорқынышты жеңген адам.

Нельсон Мандела

Адам өз ойы арқылы өз мінезін қалыптастырады.

Иоганн Вольфганг фон Гёте

Адамға ең қымбат нәрсе – жұрт қамы, жұрт ісі.

Ахмет Байтұрсынұлы

Кісіні танымақ болсаң – ісіне қара.

Жүсіп Баласағұни

Адам – керуен, өмір – жол.

Сәкен Сейфуллин

Адамға билік бер, сосын оның кім екенін білесің.

Наполеон Бонапарт

Егер бақытты өмір сүргіңіз келсе, адамдар мен нәрселерге емес, мақсатқа тәуелді болыңыз.

Альберт Эйнштейн

Тіршілікте адам баласы нелер күйге түспек: бейнет шекпек, рақат таппақ, өкінбек, үміт етпек, адаспақ, түзелмек, талай ажалға басын да байламақ, талай соққы да жемек.

Жүсіпбек Аймауытов

Ақыл – адам көрігі, ақылдың сабыр – серігі.

Мұхтар Әуезов



Білімді тексер!

1. Тарих деген не? Тарихтың адамзат үшін маңызы қандай?
2. Тұлға және оның ерекшелігі туралы не айта аласың?
3. Танымал тұлғалардың елге жасаған қызметі туралы не білдің?
4. Өзің тұратын жерде қандай танымал тұлғалар бар? Олар туралы мақтанышпен не айта аласың?

III БӨЛІМ.

МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Бұл бөлімде: медиакеңістікте және көпшілік алдында сөз сөйлеуді үйренесің; телефон алаяқтарынан сақтану жолдарын білесің; подкаст және байланыстың заманауи әдістері туралы мағлұмат аласың; жеке табысты тиімді басқару, отбасы бюджетін жоспарлау және үнемдеу жолдарын білесің; отбасының қаржылық мақсаттары мен ақша жинақтарын құруды меңгересің; банк несиелері, қаржылық қауіпсіздік туралы мәлімет аласың.



Меңгерілетін білім:

- Медиакеңістік туралы білеміз.
- Көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларын қалыптастырамыз.

Кел, ойланайық!

- Медиакеңістік деген не?
- БАҚ дегенді қалай түсінесің?
- Медиакеңістік түрлері қандай?

**Түйін сөздер**

Медиакеңістік, БАҚ, подкаст.

Медиакеңістік. Саған бұл сөз аса таныс емес пе? Онда түсініп ал, сен тура сол медиакеңістіктің бас кейіпкерісің!

Медиакеңістік – бізді қоршап тұрған БАҚ әлемі. Бұл – біз ақпарат алатын, жаңалықтармен танысатын, көңіл көтеретін, үйренетін және басқа адамдармен араласатын жер. Медиакеңістікке теледидар, радио, газеттер, журналдар, интернет, әлеуметтік желілер және т.б. әртүрлі ақпарат көздері кіреді.

БАҚ дегеніміз не? Ол – ақпаратты ауқымды аудиторияға тарату құралы. Оларға газеттер, журналдар, радио, теледидар және интернет жатады. БАҚ жаңалықтарды, ойын-сауықты және білім беру мазмұнын ұсынады.

Медиакеңістіктің мысалдары:

1. Теледидар. Теледидар – ақпарат пен ойын-сауықтың негізгі көздерінің бірі.
2. Интернет және әлеуметтік медиа: интернет жаңалықтарды оқуға, достарыңмен сөйлесуге, бейнелерді

**Маңызды ақпарат**

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – техникалық құралдар көмегімен ақпарат тарататын ұйымдар.

Әлеуметтік желідегі байланыс түрлері:

Instagram – әлеуметтік желідегі байланыс, шағын мәтін, бейнедеректер, кері байланыс, визуалды мазмұн және блогерлік.

Facebook – көп мәтін, рефлексия, белсенді блогерлер.

WhatsApp – халық үшін ең танымал байланыс көзі, қарапайым әрі мүмкіндігі кең.

Telegram – жаңалықтар, топтар, арналар, ауқымды дерек салу мүмкіндігі.

Twitter – қысқа мәтіндік жазбалар жариялауға арналған (микроблогинг қызметі) веб-сайт немесе жүйе.

көруге және т.б. веб-сайттар мен әлеуметтік медиа платформалардың шексіз санына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

3. Радио және подкастар, газеттер мен журналдар және т.б. ақпарат көздері.

Тыңдарман мен оқырманға ұсынылатын ақпарат нақты, дәлелді, нанымды болуы керек. Демек, ол көпшілік алдындағы сөз сөйлеу өнерін қамтиды.

Көпшілік алдында сөз сөйлеу өнері – барлық салада, жалпы өмірде пайдалы маңызды дағды. Ал тыңдарманға арнап сөз сөйлеу адамнан ақпаратты зерделеу, танысу, дереккөздерді анықтау дағдыларын талап етеді. Сөйлейтін адам ақпараттың мәні мен мағынасын, маңыздылығын жан-жақты қарастыруы керек.



4-сурет. Ақпарат тарату құралдары

Сөйлеу тілінің айқындығы, түсініктілігі, тазалығы да рөл ойнайды. Сол себепті сөздік қорын байытып, ойын дәл жеткізуге дағдылану керек. Ал арнайы артикуляциялық жаттығулардың сөзді анық айтуға көмегі зор.

Аудиторияның назарын аудару, көрерменнің зейінін бағыттау, өзекті мәселеге басымдық беру шеберлігіне жаттыққан адамның көпшілік алдында сөйлеу мүмкіндіктері жоғары болады. Сонымен

қатар сөйлеу ғана емес, жазу да маңызды екенін ұмытпаған жөн. Себебі сөйлеу жоспары – ойыңды мәнді, мағыналы жеткізу кепілі.

Медиакеңістікте жұмыс істеу – бүгінгі таңда барлық ел үшін қолжетімді дүние. Мектеп өміріне қатысты немесе жеке өмірге қатысты ақпараттар, қоғамда орын алған оқиғалар – бәрі әлеуметтік желіде көрініс табуда. Ерекшелігі де айқын: бейнеақпарат, жеделдік, интерактивті пікір алмасу, психологиялық-эмоциялық әсері, адамның қиялы мен сезіміне ықпалы, миллиондаған адамдарды бір мезгілде қамту.



Талда

Жұптасып, сұрақтар негізінде бір-біріңнен сұхбат алыңдар.

1. Күнделікті қандай ақпарат құралдарын пайдаланасың? Олар сенің өміріңе қалай әсер етеді?
2. Интернеттегі сенімді ақпарат көздерін сенімсіз ақпарат көздерінен қалай ажыратуға болады?
3. Әлеуметтік желі достарыңмен және отбасыңмен қарым-қатынасыңа қалай әсер етеді?
4. Көпшілік алдында сөз сөйлеу өнерімен қандай дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар байланысты?
5. Әртүрлі мәдениеттерде медиакеңістіктің қандай ерекшеліктері бар және олар ақпарат пен оқиғаларды қабылдауға қалай әсер етеді?



Қызықты ақпарат

Медиакеңістік пен көпшілік алдында сөйлеуге қатысты қызықты және танымдық өңгімелер.

Оңтүстік Африкада жыл сайын елдің әртүрлі тілде сөйлейтін адамдары қатысатын фестиваль өтеді. Халық шешендік өнер, поэзия және музыка арқылы өздерінің тілдік және мәдени дағдыларын көрсетеді.

Тайландта Лой Кратхонг мерекесі түрлі түсті қоғамдық шерулермен, соның ішінде музыка мен би қойылымдарымен атап өтіледі. Адамдар суда қалқып тұрған шамдары бар қайықтармен дұғаларын жіберу үшін жиналады.

Испанияда жыл сайынғы Томатина фестивалі өтеді, онда қатысушылар бір-біріне қызанақ лақтырады. Бұл ерекше және түрлі түсті

фестиваль әлемнің түкпір-түкпірінен қатысушылар мен көрермендерді тартады.

Швецияда адамдар астыртын тролльдерді іздеуге баратын «Троллхелигдан» деп аталатын дәстүр бар. Бұл фольклорлық фестивальге театрландырылған қойылымдар мен табиғат аясындағы іс-шаралар кіреді.



Өзіндік жұмыс

1. Медиакеңістікте қандай ережелерді сақтау керек? Қосымша ақпарат көздерін пайдаланып, таныстырылым дайында.
2. Әлеуметтік желілерде жиі кездесетін жайт – хейтерлердің жағымсыз пікірлері. Олар медиакеңістік этикасын бұза ма? Оларды жазалаған дұрыс па? «Үш сұрақ» тәсілі бойынша сұрақтарға жауап бер:
 - 1) Қандай адамдар жағымсыз пікірлер жазады?
 - 2) Хейтерлердің жағымсыз пікір жазудағы мақсаты не?
 - 3) Өзің хейтерлерге қалай жауап бересің?



Ойна да ойла!

1. Сүйікті фильмің туралы презентация жасау керек. Аудиторияға ұнайтын фильм желісін қалай анықтайсың және қызықты және есте қаларлық презентация жасау үшін қандай тәсіл таңдар едің?
2. Сенің мектебіңе белгілі танымал адам келмекші. Онымен сұхбат жүргізу саған тапсырылды. Қандай сұрақ қояр едің және кездесу алаңын қалай ұйымдастырар едің?
3. Сенің достарың мұқтаж адамдарға көмектесу мақсатында қайырымдылық концертін ұйымдастырмақ болды. Көбірек көрермен тарту және қайырымдылық көмек барынша мол болуы үшін қандай идеялар ұсынар едің?



Біліміңді тексер!

1. Медиакеңістік деген не?
2. БАҚ-тың маңызы неде?
3. Медиакеңістікте қандай ережелерді сақтау керек?

Меңгерілетін білім:

- Телефон алаяқтары кім екенін білеміз.
- Телефон алаяқтарының түрлерін ажыратамыз.

Кел, ойланайық!

- Телефон алаяқтығы дегеніміз не?
- Телефон алаяқтарының қандай түрлері бар?

Түйін сөздер

Телефон алаяқтары, фишинг, несиелік алаяқтар, лотерея алаяқтары.

Маңызды ақпарат

Алаяқтық – бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену.

Алаяқтық түрлері:

- Қайырымдылықпен байланысты алаяқтық;
- Әлеуметтік желідегі алаяқтық;
- Жалған түбіртекпен жасалатын алаяқтық;
- Ата-әжелерге бағытталған алаяқтық т.б.

Алаяқтықтан қорғану жолдары:

- Бейтаныс телефон қоңырауынан сақтану;
- Танымайтын адамға келісім бермеу;
- Құпия сөздер мен құлыптар орнату;
- Қауіпсіздік қолданбаларын жаңартып отыру.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабы, 2-бөлігі, 4-тармағында Интернет алаяқтық үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген.

Сен телефон алаяқтары туралы хабарламаларды оқитын шығарсың? Ол адамдар қауіпсіздігін, телефон алаяқтарына алданып қалмауды қамтамасыз ету бағытында жіберіледі. Телефон алаяқтығы деген не?

Телефон алаяқтығы – теріс пиғылды адамдардың телефон қоңыраулары немесе хабарламалар арқылы адамдардың ақшасын, жеке ақпараттарын және басқа құндылықтарын алдап алу үшін пайдаланатын қылмыс түрі.

Телефон алаяқтарының кең тараған төмендегідей түрлері бар:

1. **Фишинг:** алаяқтар өзін банк өкілдері немесе ресми ұйымдар ретінде көрсетеді және несие картасының нөмірлері, төлқұжат деректері және құпия сөздер сияқты жеке ақпаратты сұрайды.
2. **Лотерея алаяқтары:** алаяқтар лотереядан үлкен ұтыс ұтып алғаныңды айтады, бірақ оны алу үшін қандай да бір «салықтар» немесе «алымдар» төлеу керек.

3. **Жүделер мен сыйлықтарды пайдаланатын алаяқтар:** бағалы сыйлықтар немесе сыйлықтар ұтып алуды ұсынады, бірақ сенен жеке ақпаратты беруді немесе ақша жіберуді сұрайды.

Интернет – ақпараттар кеңістігі. Алайда, бір өкініштісі, ол алаяқтардың алдауын жүзеге асыратын орта да болып отыр. Көп ақпаратпен байланыстыратын цифрлық дәуір мүмкіндіктерін алаяқтар өз қылмыстық әрекеттерін жасауға пайдаланып отыр. Әлеуметтік желіде жалған хабарламалар беріп, адамдарды сендіріп, алдап, қаржылық шоттарға арналған құпия сөздерді біліп алуға дейін баратын алаяқтар басқа адамдардың ақшасына қол жеткізудің сансыз жолдарын тапты. Олар жәбірленушілермен байланысу үшін кез келген құралдарды пайдаланады, оның ішінде, телефон, электрондық пошта және Интернет те бар. Олар сенімге кіріп, ақша сұрау, шоттан ақша аударып алу үшін неше түрлі әрекетке барады. **Алаяқтықтан сақтанудың бірден-бір жолы – қауіпсіздік шараларын орындау.**

Телефон алаяқтарынан қорғанудың негізгі бағыттарын біліп ал:

- 1) Таныс емес телефон нөмірі арқылы бейтаныс адам телефон шалып, ақпарат сұраса, абай бол. Сұрау берудің заңдылығын тексер, егер күмәндансаң, ақпарат беруден бас тарт (*5-сурет*).
- 2) Алдын ала ешнәрсеге келіспе. Әрекет етуге мәжбүрлеу үшін қорқыту немесе қысым жасалуы мүмкін. Ондай жағдайда ата-анаңа хабарлас. Жалпы, ата-анаңнан ештеңе жасырма.



5-сурет. Бейтаныс нөмірмен сөйлескенде абай бол!

- 3) Телефонды құпия сөздермен және басқа құлыптау құралдарымен қорға. Бұл телефон жоғалған немесе ұрланған жағдайда алаяқтардың сенің жеке ақпаратыңа қол жеткізуіне жол бермейді.



Талда

https://egov.kz/cms/kk/articles/legal_relations/pass_scammers сілтемесіндегі кеңестерді оқып, талдаңдар. Осы мәліметтерді зерделей отырып, телефон алаяқтарынан қорғану жадынамасын құрастырыңдар.



Жағдаяттық тапсырма

Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

1. Саған белгісіз нөмірден ұтысқа қатысу үшін жеке деректеріңді жіберуді сұрайтын SMS хабарлама келді. Мұндай жағдайға қалай қарайсың?
2. Саған белгісіз адамдар қоңырау шалып, алдын ала төлемді талап ете отырып, өте төмен бағамен жаңа телефон сатып алуды ұсынады. Мұндай ұсынысқа қалай жауап берер едің?



Қызықты ақпарат

Қазақ халқы алаяқтықтан сақтандыру мақсатында нақыл сөздер, даналық мысалдарды кеңінен қолданған.

Жолдас болсаң қуға,
Басың қалар шуға.

Арамның ісі өрге баспайды,
Өрге басса да, өрден аспайды.

Көз жіті, құлақ сақ болсын.

Ж.Баласағұни

Гауһар жоғалмасын десең, сенімсізден сақтан!

Көңілде тұт, сырыңды жұртқа жайма.

Құтып

Кім сақ болса, сол үстемдік етер.

Өр істе сақтық керек.

Қ.Жалайри



Өзіндік жұмыс

Төрт топқа бөлініп, телефон немесе хабар алаяқтық әрекет болуы мүмкін екенін көрсететін белгілер тізімін дайындаңдар. Оны ата-әжелеріңе мұқият түсіндіріңдер.

1. Телефон алаяқтығының тарихын зерделе: алғашқы жағдайларды қарастыр және уақыт өте келе мұндай қылмыстар қалай өзгеруде? Сызба арқылы көрсет.
2. Телефон алаяқтығы түрлерін: «фишинг», «несиелік алаяқтар», «лоторея алаяқтары» және т.б. талдау.
3. Телефон алаяқтарының әдістері: алаяқтардың өз құрбандарына айла-шарғы жасауы және алдау әдістерін зерттеу.
4. Құқықтық аспектілері: телефон арқылы алаяқтыққа байланысты заңдар мен жазаларды қарастыру және зардап шеккендерді құқықтық қорғау процесімен танысу.



Ойна да ойла!

1-топ мақалдардың жартысын табады. 2-топ осы мақалдардың мағынасын түсіндіріп, түйіндейді.

Ұрымен жақын болсаң,

... .. өгізді де ұрлайды.

Мешкей семірмейді,

... ..

Білген кісі

Білмеген кісі ұрыны батыр дейді.

Түйе ұрлаған да ұры,

... ..



Біліміңді тексер!

1. Телефон алаяқтығы дегеніміз не?
2. Телефон алаяқтығының қандай түрлері бар?
3. Олардан сақтану жолдары қандай?

Меңгерілетін білім:

- Подкаст туралы білеміз.
- Байланыстың заманауи әдістерін ажыратамыз.

Кел, ойланайық!

- Подкаст деген не?
- Олардың радио мен теледидарға қатысы бар ма?

**Түйін сөздер**

Подкаст, байланыс, байланыс әдістері, әлеуметтік медиа, жеке табыс.

Сенің ұстазыңнан, досыңнан немесе өзің үлгі тұтатын адамнан сұхбат алғың келе ме? Әлеуметтік желіде тұрақты сұхбат жүргізу мүмкіндігін пайдаланып көрдің бе? Оны подкаст арқылы жүзеге асыруға болады.

Подкаст – интернетте тыңдауға немесе көруге болатын аудио немесе бейнежазбалардан тұратын мультимедиялық мазмұндағы бағдарлама. Подкастар, әдетте, тұрақты жазылатын эпизодтар түрінде жасалатын ток-шоулардың заманауи нұсқасы, яғни байланыстың заманауи әдістерінің бірі. Ол қоғамдық өмірге үн қосу мүмкіндігіне жол ашады. Подкаста бір немесе бірнеше жүргізуші болады (*6-сурет*).

Подкастардың негізгі сипаттамалары:

1. Аудио және бейне. Аудиоподкастар тек дыбыстық жазбалар болып табылады, ал бейнеподкастар – аудиотректері бар бейнежазбалар.
2. Сериалды. Подкастар көбінесе бірізді эпизодтары бар серия ретінде шығарылады, бұл жасаушыларға

**Маңызды ақпарат**

Подкаст – Интернетте таратылатын цифрлы аудио немесе бейнебағдарлама. Подкастинг (анал. podcasting, екі сөзден тұрады iPod (Apple портативті ойнатқышы) және broadcasting (хабар тарату)). Бұл – интернетте радио және теледидарлық хабарлар стилінде аудио және видеофайлдарды жасау және тарату процесі. Подкастинг нәтижесінде алынған өнімнің өзі «подкаст» деп аталады. Әдетте, подкастар белгілі бір тақырыпта жасалады және жариялау жиілігі бар, мысалы, аптасына бір рет. Бұл термин алғаш 2004 жылы қолданылды, содан кейін бірінші подкаст пайда болды.

да, оқырмандарға да ыңғайлы. Қажет кезінде қайталап көре алады.

3. Интернет арқылы кіру. Подкастар интернет арқылы ағынмен жіберу немесе қарау үшін қолжетімді. Пайдаланушылар оларды веб-сайттарда, ағындық платформаларда немесе арнайы қолданбаларда көре алады.
4. Жазылым. Пайдаланушылар жаңа эпизодтар шығарылған кезде автоматты түрде алу үшін подкастарға жазыла алады.
5. Тақырыптардың алуан түрлілігі. Подкастар жаңалықтар, ойын-сауық, білім, технология, ғылым, өнер, спорт және т.б. түрлі тақырыптарды қамтиды.

Подкаст қоғамды қызықтыратын өзекті мәселелер бойынша жеке табыс көзіне айнала алады.



6-сурет. Подкаст



Талда

Сұрақтарға жауап бере отырып, подкаст туралы өз ойларыңды білдіріңдер.

Танымал балалар подкастарын білесіңдер ме?

Тыңдаушыларды тарту үшін қандай әдістерді қолданар едіңдер?



Подкастар және оларды қолдану арқылы заманауи қарым-қатынас әдістері әлемнің көптеген елдерінде танымал болды. Мұнда подкастар және олардың әртүрлі елдерде қолданылуы туралы қызықты фактілерді ұсынамыз.

АҚШ подкастардың «Отаны» болып саналады. Көптеген танымал подкастар мен Apple Podcasts және Spotify сияқты танымал платформалар осы жерден шыққан. Подкастар тақырыптарының ауқымы кең.

Ұлыбританияда белсенді подкастинг қауымдастығы да бар. Көптеген Ұлыбритания подкастары әңгімеге, комедияға және аудио драмаға бағытталған. Ұлыбритания подкастарының бүкіл әлем бойынша тыңдаушылары көп.

Германияда да подкастар өте танымал. Олар тыңдаушыларға неміс тілін үйренуге және елдің мәдени ортасымен танысуға мүмкіндік береді.

Аустралияда подкастардың көпшілігі табиғат, экология және өмір тақырыптарына арналады.

Үндістанда подкастар жастар мен кәсіпкерлер арасында танымал бола түсуде.



Екі топқа бөлініп, подкастқа дайындық қадамдарын толықтырындар. Тапсырманы дұрыс орындаған топ жеңіске жетеді.

Дайындық мынадай қадамдардан тұрады:

1. Подкаст тақырыбы мен шақырылатын қонақты анықта. Подкаст жазатын уақыт пен орынды белгіле;
2. ...
3. Құрылғыларды дайында;
4. ...
5. Жазылған подкасты аудио монтажға жібер;
6. Дайын болған жазбаны қонаққа растауға жібер;
7. ...

Жұмыс соңында қандай мәселеге назар аудару керектігі және подкаст жасаудың тиімділігі туралы ой қорытындар.



Өзіндік жұмыс

1. Қосымша дереккөздерден сұхбат пен подкастың айырмашылығын анықтаңдар.
2. Жұбыңмен «Хобби мамандыққа айналуы мүмкін бе?» тақырыбында подкаст дайындаңдар.

Ол үшін сыныптан сауалнама алып, шақыратын кейіпкерді тандап алыңдар. Досыңмен бірге кейіпкерге қоятын сауалдарыңды дайында. Кездесуді жүргізіп, түсірілімін желіге жариялаңдар. Оқырмандардың кері байланысын бағамдаңдар.



Жағдаяттық тапсырма

Интернеттен жасөспірімдер психологиясына арналған Erkin Jas podcast жобасын қарап, топқа бөлініп, өздерің де осындай үлгіде материалдар дайындаңдар.

1-топтың тақырыбы:

2-топтың тақырыбы:



Біліміңді тексер!

1. Подкаст дегеніміз не?
2. Подкаст не себепті байланыстың заманауи әдістерінің біріне жатады?
3. Подкастың ұтымдылығы неде?
4. Подкасты қалай ұйымдастыруға болады?
5. «3–2–1» тәсілі бойынша подкаст туралы барлық ақпаратты қорытындылап, кестені толтыр.

Подкаст туралы 3 дерек			
Подкаст бойынша 2 сұрақ			
Қызығушылық танытқан 1 нәрсе			

§10.

Жеке табысты қалай тиімді басқаруға болады? Отбасы бюджетін қалай жоспарлауға және үнемдеуге болады? Отбасының қаржылық мақсаттары.

Меңгерілетін білім:

- Отбасылық бюджеттің не екенін түсінеміз.
- Бюджетті жоспарлау мен үнемдеуді үйренеміз.

Кел, ойланайық!

- Жеке табыс деген не? Ол қалай басқарылады?
- Отбасы бюджеті деген не?
- Оны қалай жоспарлаған жөн?



Түйін сөздер

Жеке табыс, отбасылық бюджет, жоспарлау, үнемдеу, есептеу.



Маңызды ақпарат

Отбасылық бюджет – үй ішіндегі адамдардың ай сайынғы табысы мен шығындары.

Отбасылық бюджетті жоспарлау – мақсат, міндеттерді уақыт пен қаржы есебіне қарай орындауды болжау, әрекетті мерзімге сәйкес жүйелі жүзеге асыру.

Инвестиция – капиталды сақтау және көбейту мақсатында салынған қаржы.

Мерзімдік жоспар қаржыны тиімді жұмсау үшін жасалады. Жоспардың орындалуын тексеріп, жазып отыру қажет. Өзгерістерді жазу, күтпеген шығындар болуын ескеру де маңызды.

Жеке табыс – адамның өз еңбегі үшін немесе әртүрлі көздерден алатын ақшасы немесе қаражаты.

Ересектердің жеке табысының ең белгілі көздерінің бірі – **еңбекақы**. Бұл – адамның істеген жұмысы үшін алатын ақшасы.

Жеке кірістерді басқару – ересектерге ғана емес, мектеп оқушыларына да пайдалы болатын маңызды дағды. Бұл дағды өзінді басқаруға, қаржылық жоспарлар жасауға және болашақты жоспарлауға көмектеседі.

Осы бағытта білімді үнемі көтеріп отыру қажет. Сен де балаларға арналған қаржылық сауаттылық туралы подкастар түсіре отырып, мамандардан үйрене аласың.

Біз отбасы қаржысы туралы алдыңғы сыныптарда өткенбіз. Сен сол сабақтарда отбасының кірісі мен шығысы туралы ақпарат алғансың.

Отбасы бюджеті – уақыт бірлігіне (ай, жылға, күнге) шаққандағы отбасының кірісі мен шығысының

жиынтық есебі. Ата-анаң азық-түлікке, ойыншықтарға, оқу құралдарына және басқа заттарға қанша ақша жұмсай алатынын жоспарлауы – отбасы бюджетінің есебі.

Отбасылық бюджетті білу, есептеу өте маңызды. Әрбір отбасы қаржысын бақылау үшін мерзімдік жоспар құрады. Ол апталық, айлық, жылдық жоспар болып бөлінеді.



Отбасылық бюджетті есептеп жүр:

1. Айлық табысты жаз: ол, әрине, отбасына түсетін ақша, яғни бірінші кезекте – анаң мен әкеңнің жалақысы.
2. Шығындарды жаз: сол айда азық-түлік сатып алуға, шоттарды төлеуге, мектеп құралдарына немесе бүлдіршіндерге жұмсалған ақша (*7-сурет*).
3. Жоспар жаса: жалпы жинақталатын ақша, оны қалай бөлген орынды, үнем жасау арқылы демалысқа қанша ақша бөлгің келетінін, әр затқа қанша жұмсау керектігін ойластыр.
4. Бюджетті қадағалап үйрен: отбасы бюджетін есептегеннен кейін, кіріс пен шығыстың қалай жүріп жатқанын қадағалау маңызды. Ақша тез таусылып қалса, демек, үнемдеудің болмағаны немесе жоспарда күтпеген шығындардың есептелмегені.

Отбасында неше адам жұмыс істесе, солардың барлығы қаржысын бір жерге қосып, бірлескен түрде жоспар жасауы мүмкін. Алайда белгілі бір мақсатқа байланысты бөлек қарастыру да жүзеге асырылады.



7-сурет. Азық-түлік сатып алу



Отбасының қаржылық мақсаттары әртүрлі. Мысалы: отбасының қаржылық жағдайын жақсарту, үй салу немесе сатып алу, балалардың болашағын қамтамасыз ету, саяхаттау т.б. жоспарлар. Ондай қаржылық мақсаттар қою отбасына нақты бағытты айқындауға, жоспарлы түрде ақшаны үнемдеуге, жинақтауға мотивация береді.

Бұл білім – сенің іскерлік қадамыңның бастауы. Отбасы бюджетінің сәтті құрылуы, жүзеге асырылуы – әр отбасының кемел өмір сүруіне негіз. Отбасы қамтылған болса, ел экономикасы да нығая береді. Сен – еліңнің экономикасын берік ететін іскер азаматысың.



Талда

«Бюджет» және «Үнемшіл» атты екі топқа бөлініп (қаржыгерлер, бизнесмен, кәсіпкер, қарапайым отбасы мүшелері т.т.), үшінші журналистер тобымен брифинг (пресс-конференция) ұйымдастырыңдар.

Журналист сұрақтары	
«Отбасы бюджеті» тобына	«Қаржылық мақсат пен үнемділік» тобына
<ol style="list-style-type: none"> Отбасы бюджеті дегеніміз не және ол отбасы үшін несімен маңызды? Табысқа қандай факторлар әсер етеді және отбасының кірісін қалай арттыруға болады? Отбасы бюджетіне шығыстардың қандай негізгі категориялары енгізілуі керек? Бюджетке басымдық беріп, қайда көбірек ақша жұмсағың келетінін және нені аз жұмсағың келетінін қалай шешуге болады? Мысалдар келтіріңдер. 	<ol style="list-style-type: none"> Қаржылық мақсаттар дегеніміз не және олар отбасы үшін неліктен маңызды? Отбасының қаржылық мақсаттары қандай болуы мүмкін? Мысалдар келтіре аласыңдар ма? Отбасының қаржылық мақсаттарын анықтау үшін қандай қадамдар жасай аласыңдар?

Журналист сұрақтары	
«Отбасы бюджеті» тобына	«Қаржылық мақсат пен үнемділік» тобына
5. Бюджетті қалай жасауға болады және оны басқару үшін қандай құралдарды немесе қолданбаларды пайдалануға болады?	4. Отбасының қаржылық мақсаттарын таңдауына қандай факторлар әсер етуі мүмкін?
6. Күнделікті өмірде шығындарды қалай қысқартуға және ақшаны үнемдеуге болады?	5. Өзінің қаржылық мақсаттарына жету үшін отбасының бюджетті қалай құрғаны дұрыс болады?
7. Төтенше жағдай қорының болуы қаншалықты маңызды және оны қалай құру керек?	6. Ақшаны үнемдеудің қандай әдістерін білесіңдер? Отбасы үшін олардың қайсысы қолайлы?
8. Отбасының алдына қандай қаржылық мақсаттар қоюға болады және оларға жетуді қалай жоспарлауға болады?	



Қызықты ақпарат

Отбасылық бюджеттің бөлінуі түрлі елдерде экономикалық жағдайларға, мәдени орта мен өмір салтына байланысты әртүрлі болатынын байқауға болады.

Жапония. Дәстүрлі түрде Жапония отбасы бюджетінің үлкен бөлігін балаларының білім алуына арнайды. Ата-аналар балаларының мектепте табысты болуын қамтамасыз ету үшін жеке репетиторлық және мектептен тыс бағдарламаларға қомақты қаражат жұмсайды екен.

Америка Құрама Штаттары. Америка Құрама Штаттарында адамдар әдетте бюджетінің көп бөлігін тұрғын үй мен білім алуға жұмсайды. Федералдық тұрғын үй әкімшілігінде бар болғаны 3,5 пайыз бастапқы жарнамен де несие алуға болады.

Сингапурда көптеген отбасылар өз балаларының оқуына ақша жинауды қаржылық мақсат етіп қояды. Бұл ел өзінің жоғары сапалы білімімен танымал, бірақ оқу қымбат. Көптеген отбасы балаларының болашақта білім алуын қамтамасыз ету үшін арнайы шотқа ақша жинап отырады.

Аустралияда көптеген отбасылар үй немесе мүлік сатып алуды мақсат етеді. Бұл жылдар бойы үнемдеуге және қаржылық жоспарлауға әкелуі мүмкін, бірақ көптеген жүйелер осы маңызды қаржылық мақсатқа сүйенеді.



Тапсырмалардың бірін таңдап, орындаңдар.

1. Азық-түлікке жұмсалатын қаржы шығындарына талдау жаса. Күндік, апталық және айлық отбасы бюджетіндегі шығындарды есептеп көр. Азық-түлікке қанша ақша жұмсалады, қандай тауарлар немесе қызметтер кіреді және осы салада ақшаны қалай үнемдеуге болады? деген сұрақтар айналасында жұмыс жаса.
2. Отбасының қаржылық мақсаттарын талдаңдар. Отбасы үшін қандай қаржылық мақсаттар қойғанын білу үшін ата-анаңмен немесе басқа да ересек адамдармен сөйлесіп, сұхбат алыңдар. Сұхбат бойынша есеп жазып, отбасы қаржысы туралы қорытынды жасаңдар.
3. Қаржы күнделігін толтырыңдар. Өздеріңнің барлық жұмсаған ақшаларың мен кірістеріңді бірнеше апта бойы қаржылық күнделік ашып, жазып жүріңдер. Содан кейін шығындарыңды санап, талдап, қалай ақша үнемдеуге болатынын анықтаңдар.



«Баяндама» тәсілімен жұмыс істеңдер. Мақалдарды оқып, мазмұнын сурет, сызба түрінде беру керек. Жасаған жұмысыңды жұбыңа бер. Оның жұмысын өзің ал. Әркім өз көршісінің суреттерін не сызбаларын қолданып, сыныптастарына жеке табыс табу және үнемдеу туралы «баяндама» (ақыл-кеңес) жасауы тиіс.

1. Адам болам десең, арыңды ақшаға сатпа.
2. Ақшаның жайын жарлыдан сұра,
Адамның жайын арлыдан сұра.



- Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
1. Отбасы бюджеті дегеніміз не?
 2. Бюджетті жоспарлаудың жолдары қандай?
 3. Отбасының қаржылық мақсаттары деген қандай ұғым?
 4. Жеке кіріс дегеніміз не?
 5. Жеке кірісті басқарудың жолдары қандай?
 6. Өзіңнің қалта ақшанды қалай жұмсап жүрсің?

● Меңгерілетін білім:

- Ақша жинақтау, банк кредиттері туралы түсінік аламыз.
- Несие түрлерін ажыратамыз.
- Қаржылық қауіпсіздік негізін түсінеміз.

● Кел, ойланайық!

- Ақша жинақтары қалай құрылады?
- Банк кредиттері деген не?
- Несие түрлері қандай болады?
- Отбасының қаржылық қауіпсіздігін қалай түсінеміз?

📖 Түйін сөздер

Банк, несие, пайыз, қаржылық қауіпсіздік.

📄 Маңызды ақпарат

Несие пайыздары – банктердің несие беру үшін қосатын өсім ақылары. Өсім ақылар несиені қымбаттатады.

Несие мерзімі – клиент банкке ақшаны қайтаруға тиіс уақыт мөлшері.

Пассив кіріс – қосымша қарастырылған, үнемі түсетін ақша.

Оны негізгі кіріс болмаған жағдайда қолданылатын қор деп санауға болады.

Инфляция (лат. inflatio – «қабыну», «ісіну») – ақшаның құнсыздануы.

Ақша жинақтау – қаржыны басқаруға, болашақта мақсаттарыңа жетуге көмектесетін маңызды дағды. Мал, қаржы жинау, енші беру – қазақ халқында ежелден бар дәстүр. Отбасының күнделікті қамы, шаруашылық, келер қонақ, сыбаға сақтау, кәделі сый қоры т.б. жайларды ескеріп, есептік жоспардан жаңылмаған. Мәселен, қазақта «Алты жастан жисаң, артылады, жеті жастан жисаң, жетеді» деген сөз бар. Ол ұғымның ішіне баланың болашағына арналған жоспар, яғни балаға жасалатын той-думан, тәрбиелеу, өнерге баулу, оқыту т.б. кірген. Заман өзгеріп, отбасы бюджеті бізге жаңа сипатта жетті.

Саған қуаныш сыйлаған (компьютер, телефон т.т.) затты сатып алу үшін ата-анаң несие рәсімдеген болар? Онда банк несиесі туралы ақпаратпен таныс бол.

Банктік несие (кредит) – банк пен клиент арасындағы келісім, оған сәйкес банк несие алушыға болашақта пайызын өтеу шартымен белгілі бір ақша сомасын береді. Қарыз алушы

белгіленген мерзімде несиені өтеуге және қарыз қаражатын пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуге міндеттенеді.

Банктік несие түрлері (8-сурет): тұтыну несиесі. Несиенің бұл түрі тұтынушылардың тауарларды сатып алу, білім алу немесе емдеу шығындарын төлеу сияқты жеке қажеттіліктеріне арналған. *Ипотекалық несие.* Ипотекалық несие жылжымайтын мүлікті: үйді немесе пәтерді сатып алуға арналған. Мүлік кепіл ретінде қызмет етеді, яғни несие өтелмеген жағдайда банк оны сатуға құқылы. *Автокредит.* Бұл несие түрі автокөлік сатып алуға арналған. Көлік әдетте кепіл ретінде қызмет етеді. *Білім беру несиесі.* Білім беруді, соның ішінде оқу ақысын, кітаптарды және басқа да білім беру шығындарын қаржыландыруға көмектеседі.

Кепілдік талап ететін және кепілдік талап етілмейтін несиелер болады. Кепілдік – қаржы қайтарылмаған жағдайда банк меншігінде қалатын мүлік (үй, көлік т.т.). Кейбір несиелер кепілдікті талап етпейді. Несие қайтарылымы белгілі бір уақытқа есептеледі және пайыз есебінен қайтарылатын қаржы еселене түседі. Жоспарсыз несие алу, аяқ астынан орын алған оқиғалар т.б. жағдайда несиені қайтару мүмкіндігі болмай қалуы мүмкін. Ондай жағдайда отбасының қаржылық қауіпсіздігіне зиян келеді.

Қаржылық сауаттылық – отбасының қаржылық қауіпсіздігінің маңызды қыры. **Қаржылық қауіпсіздіктің негізгі қадамының бірі – бюджетті дұрыс құру.** Ол – отбасы шығындарын бақылау, үнемдеу, жоспарлау және қаржылық мақсаттар қою мүмкіндігі. Қаржы қоры молайған сайын отбасы мүшелері қаржылық қауіпсіздікке қол жеткізу үшін (акциялар, жылжымайтын мүлік т.т.) инвестициялауды және қосалқы жұмыс орындау арқылы пассивті кіріс жасауды қарастырады.

Зерделі жас, сен енді банктік несиенімен жұмыс істеу немесе пассив кірістер туралы білесің. Бәлкім, өз бюджетіңді жоспарлап, болашаққа батыл қадам жасарсың? Пассив кіріс көзін ойластыруыңа болады.



8-сурет. Банктік несие түрлері



2 топқа бөлініп, сұрақтарға өмірден мысал келтіре отырып жауап беріп, талқылаңдар. Сұрақтарды ашу үшін «Банк», «Қаржы қауіпсіздігі» сандықшаларын пайдаланыңдар.

«Банк» сандықшасының сұрақтары:

1. Банктік несиені дегеніміз не және ол не үшін пайдаланылады?
2. Банктік несиенің қандай түрлерін білесің?
3. Жақсы несиенің тарихын сақтау қаншалықты маңызды және оны қалай жасау керек?
4. Қазіргі қоғамда банктер қандай рөл атқарады? Банксіз өмір сүру мүмкін бе?
5. Қандай банктерді білесің?

«Қаржы» сандықшасының сұрақтары:

1. Жинақтарды қайда сақтаған дұрыс: үйде ме, әлде банкте ме?
2. «Отбасының қаржылық қауіпсіздігі» дегенді қалай түсінесің?
3. Отбасының қаржылық қауіпсіздігіне қандай факторлар әсер етуі мүмкін?
4. Бюджет дегеніміз не және оны құру жалпы қаржылық қауіпсіздікке қалай көмектеседі?
5. Инвестициялар қаржылық қауіпсіздікті жақсартуға қалай көмектеседі?



143 елді саралаған «Standard & Poors» рейтингтік агенттігі «Қазақстан халқының 40 %-дан астамы қаржылай сауатты» деген қорытынды жасады. Бұл – жақсы көрсеткіш. Өз бюджетін ақылға салып басқара алатын адамдар көбейсе, тұрмысы түзу отбасылардың да саны артады екен.

Толқын Нұрышева, 2 баланың анасы, бюджетті тиімді басқару тәжірибесімен бөлісіпті. Толқын мобильді қосымшаларды пайдаланып, арнайы тізім жасап, 1 ай бұрын баратын жерлері мен алатын тауарларын жазып қоятын көрінеді. «Менің күнім жоспарлаудан басталады. Баратын жерлерімді, үлгеруге тиіс жұмыстарымды, сатып алатын заттарды түгел реттеп, жазып қоямын. Дүкенге барған отбасы мүшесі тек қажетті тауарларға ғана ақша жұмсайды», – дейді Толқын.

Г.Нұрманқызы



Өзіндік жұмыс

1. Ақшаны қалай жинақтай аламын? Сызбаны толтыр.



2. Кестеде Интернет дүкендердегі телефон бағасы және 1 жылға несиеге алған кездегі ай сайынғы төлемі көрсетілген. Телефонды қай дүкеннен алған тиімді болатынын анықта.

	Телефон бағасы	Ай сайынғы төлем	Жеткізу құны
1-дүкен	220 000 тг	20 500 тг	тегін
2-дүкен	210 000 тг	19 500 тг	5000 тг
3-дүкен	230 000 тг	19 500 тг	2000 тг



Ойна да ойла!

Тоғызқұмалақ ойыны, ұпай жинау стратегиясы туралы мәлімет жинап, оны ақша жинау тәсілдерімен салыстырыңдар.



Жағдаяттық талпырма

Мәтінді оқып, Әселге кеңес бер.

Жаңа оқу жылынан бастап Әселге әкесі әр күні 300 теңге беретін болды. Бұл ақшаны қалай жұмсауды Әсел өзі шешеді. Үзіліс кезінде кәмпит, сусын, ойыншық немесе басқа заттар алуға болады. Дегенмен Әсел ақшаны жұмсамай, жинауды ұйғарды. Оған ұнайтын құлаққап 31 мың теңге тұрады. Осылай жинай берсе, ол оқу жылының аяғында құлаққап сатып ала ма?



Білімді тексер!

1. Банк кредиттері деген не? Несие түрлері қандай болады?
2. Қарыз алушы не себепті банкке сыйақы төлейді?
3. Отбасының қаржылық қауіпсіздігі деген не?

IV БӨЛІМ.

ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

Бұл бөлімде:
табиғаттағы қауіпсіздік туралы білесің;
табиғи апаттар кезіндегі іс-қимыл ере-
желерімен танысасың;
техниканы қауіпсіз пайдалану жол-
дарын үйренесің; азық-түлік қауіп-
сіздігі туралы мағлұмат аласың;
қауіп туралы дабылды қалай
беруге болатынын білесің.



Меңгерілетін білім:

- Табиғаттағы қауіпсіздік ережелерін білеміз.
- Табиғи апаттар және олардың түрлері туралы ақпарат аламыз.

Кел, ойланайық!

- Табиғаттағы қауіпсіздік дегеніміз не?
- Апат деген не?
- Табиғи апаттарға нелер жатады?

**Түйін сөздер**

Төтенше жағдай, қауіпсіздік ережелері, апат, табиғи апат, табиғат аясы.

**Маңызды ақпарат**

Төтенше жағдай – белгілі бір аумақта күтпеген апатты жағдай орын алуына байланысты адамдардың қалыпты тіршілік әрекетінің бұзылуы.

Әлемде орын алатын **ірі табиғат апаттары:**

Цунами – су астындағы жер сілкінісі, жанартау атқылауы немесе көшкіннен туындаған үлкен толқындар.

Тайфундар, дауылдар мен циклондар – қатты жел, жаңбыр және дауыл толқындары бар күшті тропикалық табиғат құбылыстары.

Жанартау атқылауы – жанартаудан лаваның, күлдің және газдың шығуы.

Торнадо – өте жоғары жылдамдықтағы күшті құйындар. Олар ғимараттарды қиратып, ауыр заттарды ауаға көтере алады.

Сен табиғи апаттар туралы білетін боларсың? Онда қауіпсіздік ережелерін де сақтау керек екенін білесің.

Табиғи апаттар – адам өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, алдын ала болжанбайтын табиғи құбылыстар. Мысалы: жер сілкінісі, орман өрті, су тасқыны т.б.

Табиғи апат түрлері:

Жер сілкінісі – жер асты дүмпуі күштерінің әсерінен Жердің беткі қыртысының тербелуі. Олар адам өміріне қауіп туғызып, ғимараттардың бұзылуына, көшкінге және т.б. апаттарға әкелуі мүмкін.

Құрғақшылық – ыстық күнде, ауаның ылғалдылығы төмен болған кезде жауын-шашынның ұзақ уақыт және елеулі түрде жетіспеушілігі.

Орман өрттері – орман алқаптарында орын алатын өрт.

Су тасқыны – ауа райы жылынған кезде, өзен-көлдердің жағалауларынан шығып, аумақты су басуы.

Көшкіндер – көбінесе жаңбыр немесе жер сілкінісі салдарынан болатын ауырлық күшінің әсерінен топырақтың немесе қардың қозғалысы.

Табиғат аясында уақыт өткізгенде немесе елді мекенде болған кезде кенет орын алған төтенше жағдайларда өзімізді қалай ұстау керектігін білу өте маңызды. Кенет жер сілкінісі басталған жағдайда сабыр сақтап, ағаш, тас құламайтын жерге ауысу керек. Су тасқыны болған жағдайда су деңгейінен жоғары жерге жылжыған орынды.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар – жер сілкінісі, сел, көшкін, су тасқыны, табиғи өрт т.б. сияқты материалдық шығын, адамдар өміріне қауіп төндіретін оқиғалар. Шетелге демалысқа барған жағдайда кенет болуы мүмкін цунами, циклон, торнадо. Сонымен бірге күнделікті өмірде күтпеген кездейсоқ көлік апаттары, электр жүйесі мен құрылыстарда түрлі апат орын алатынын да білеміз. Төтенше жағдайда құтқару әліппесін білу және сақтау керек.

Аяқ асты апат болған жағдайда:


- құжаттар;
- үш күнге жететін тамақ пен су;
- жылжымалы электр шамы мен алғашқы медициналық көмек қорапшасы;
- қосымша жылы киім мен аяқ киім салынған жолдորба немесе сөмке қолжетімді жерде болғаны абзал.

Жер сілкінісі орын алған жағдайда:

- газ, су және жарықты сөндіру қажет;
- жер сілкіну қатты болмаса қорықпай, басылғанын күту керек.

Ал күшті жер сілкінісі кезінде үйде болған жағдайда:

- ішкі қабырғаның қауіпсіз жеріне, бұрышқа, есіктің жақтауына, ваннаға жату (*9-сурет*);
- төсектің, үстелдің астына кіру құлайтын заттар мен сынықтардан қорғайды. Ауыр жиһаздар мен терезелерден аулақ болу керек.



9-сурет. Жер сілкінісі кезіндегі қауіпсіз орындар

Егер көшеде болсаң, онда:

- ғимараттар мен электр желілерінен алшақ, ашық алаңда, үзілген электр желілерінен алшақ тұру қажет;
- ғимараттардың алдын кесіп өтпе және оған кірмеген дұрыс. Осы ережелерді сақтау арқылы сен өзіңнің де, өзгелердің де өмірін сақтауға септігіңді тигізесің.



Талда

1. Бүгінгі ой пікір алаңы кино түсіру мәселесіне қатысты. Мысалы: «Табиғат аясына демалуға шыққан отбасының табиғи апат орын алған кездегі әрекеттері қандай болуы керек?» деген тақырыпта пікір алмасындар. Бір топ жер сілкінісі орын алған жағдайды, екінші топ табиғи өрт жағдайында, үшінші топ су тасқыны жағдайында қауіпсіздік ережелерін сақтап, қалай аман құтылғаны жөнінде өз нұсқаларын ұсынады. Төртінші топ сценарийде ескерілмей қалған ережелерді талдайды, сценарийді бағалайды.
2. QR-code-тағы бейнежазбаны көріп, табиғатты өрттен сақтау туралы пікір алмасындар.
3. Мәтінмен танысып, біздің елімізде сақтық шаралары қалай сақталатынын салыстырып айтындар.



Қызықты ақпарат

Жапонияда жер сілкінісі туралы ерте ескерту жүйесі бар, ол жер сілкінісі басталғанға дейін азаматтардың смартфондары мен теледидарларына автоматты түрде хабарлама жібереді. Жапондық жас балалар жер сілкінісі кезінде не істеу керектігін мектептерде үнемі өтетін сабақтар арқылы біледі.

Бангладеш – циклондардан жиі зардап шегетін елдердің бірі. Сол себепті апаттан зардап шеккендер санын азайту мүмкіндіктері қарастырылып, көмек көрсету жолға қойылған.

Нидерландының көп бөлігі теңіз деңгейінен төмен. Ел су тасқынының алдын алу және тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін дамбалар, сорғылар мен арналардың күрделі жүйесін жасады. Сондықтан ол каналдары көп мемлекет болып есептеледі.



Өзіндік жұмыс

Сұрақтар мен мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, топтарға бөлініп, біздің елімізде жиі кездесетін табиғи апаттар туралы постер жасаңдар.

- Табиғи апаттың салдары қандай болады? Оның қалай алдын алуға немесе зардабын азайтуға болар еді?
- Табиғат апаттары кезінде қандай қауіпсіздік шаралары ұсынылады?
- Табиғи ортаны қауіпсіз ету үшін біз не істей аламыз?

Мақал-мәтелдер:

- 1) Нөсер алдында найзағай ойнайды.
- 2) Алпыс күнде тасыған су,
Алты күнде қайтар.
- 3) Жел дауылды шақырады,
Бұлт жауынды шақырады.
- 4) Жерді аздыратын – өрт.
- 5) Тау мен тасты су бұзар.



Жағдаяттық талпырма

Мәтінді оқып, Мирасқа кеңес бер.

Інісін балабақшадан алуға келген Мирас апат дабылын естіді. Тәрбиеші кезекті қауіпсіздік жаттығуы екенін айтты. Олар далаға шықты. Інісі Мирастан жер сілкінісі кезінде не істеу керек екенін сұрады. Мирас не айтарын білмей қалды. Сендер қалай түсіндірер едіңдер? Ойын түрінде қауіпсіздік ережелері негізінде әрекет жасауды қалай ұйымдастырар едіңдер?



Ойна да ойла!

Кім дайын? Үйде «Дабыл сөмкесін» жинап, оның құрамын бейнежазбаға түсіріп, мектепшілік челлендж ұйымдастыр.



Біліміңді тексер!

Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?

1. Табиғаттағы қауіпсіздік дегенді қалай түсінеміз?
2. Табиғи апаттар кезіндегі іс-қимыл ережелері қандай?

§13.

Техниканы қауіпсіз пайдалану. Қауіп туралы дабылды қалай беруге болады?

Меңгерілетін білім:

- Техникалық құрылғылар мен жабдықтар туралы ақпарат аламыз.
- Оны пайдалану талаптарын білеміз.
- «Қауіп дабылы» ұғымымен танысамыз.
- Қауіп-қатердің алдын алу шаралары туралы ақпарат аламыз.

Кел, ойланайық!

- Техниканы қауіпсіз пайдалану дегеніміз не?
- Қандай қауіпсіздік көздері бар?
- Қандай жағдайларда дабыл қағылады?
- Дабыл шаралары деген не?

Сен компьютерді немесе ұзартқышпен жалғанған техника жабдықтарын (үтік, ас дайындау, қыздыру пештері т.т.) қолданғанда қауіпсіздік туралы ойлайсың ба? Ойлану керек, себебі ол тек сенің ғана емес, айналаңдағы жандардың да қауіпсіздігі болып табылады.

Бүгінгі таңда техника – біздің сенімді көмекшімізге айналды: тамақ дайындау, кір жуу құралдары, теледидар, тоңазытқыш, музыкалық электронды аспаптар т.б. Оның бәрі электр қуатымен жұмыс істейді. Бұл – үлкен қауіп көзі: біріншіден, токтың қуаты



Түйін сөздер

Құрылғы, электронды құрылғы, Интернеттегі қауіпсіздік, денсаулық қауіпсіздігі, техникалық құралдар қауіпсіздігі, қауіп, дабыл, белгі беру, дыбыстық дабылдар.



Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік ережесі – түрлі жағдаятқа байланысты талаптарды бұлжытпай орындау, қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттарына сай әрекет ету.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаттары:

1. Тұрақты қырағылық: әрқашан құралдардың жай-күйіне мұқият болу. Ықтимал қауіптерді азайту үшін қауіпсіздік шараларын сақтау.
2. Техниканы қауіпсіз пайдалану: қауіпсіздік ережелерін сақтау, әртүрлі жағдайларда нұсқауларды нақты орындау, техника мен электрондық құрылғыларды пайдалану ережелерін сақтау.
3. Төтенше жағдайда қалай әрекет ету керектігін білу және алғашқы медициналық көмек көрсету дағдыларын игеру.

Қауіп – жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделеріне (құқығына, бостандығына, тіршілігіне, денсаулығына т.т.) төнген қатер.

Қауіп дабылы – нақты немесе болжанған қауіп пен қатерге байланысты ескерту немесе дыбыстық белгі.

өте жоғары; екіншіден, көп техниканы бір нүктеге жалғау электр желілерінің зақымдануына әкелуі мүмкін. Сол себепті техниканы пайдалану қауіпсіздігін білген абзал.

Техниканы қауіпсіз пайдалану – жабдықтың зақымдануы барысында жарақат алу қаупінің алдын алу, түрлі техникалық құрылғылар мен жабдықтардың қолданылу нұсқаулығымен жақсы таныс болу, талапқа сай пайдалану.

Техника қауіпсіздігін сақтау үшін:

1. Жабдықты дұрыс пайдалану;
2. Нұсқаулар мен мақсатқа сәйкес техниканы қолдану (10-сурет).
3. Қауіпсіздік ережелерін сақтау. Техника немесе жабдықтың белгілі бір түрі үшін белгіленген қауіпсіздік ережелерін білу, нұсқаулығын оқу, орындау.
4. Техниканың жай-күйін үнемі тексеру: құралдың тозуын, зақымдануын немесе басқа ақауларын мезгіл-мезгіл тексеріп отыру.
5. Қызып кетудің алдын алу: жабдықты шамадан тыс жүктемеу, оның температуралық режимін қадағалау.
6. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау: өрт сөндіру құралдарының орналасуын және жұмыс кеңістігіндегі өрт қауіпсіздігі ережелерін білу.

Біздің ең көп қолданатын құралымыз – **гаджеттер**. Планшет, смартфон, ұялы телефондарды сулы жерде жатудан, қызып кетуден сақтаған жөн. Оларды токқа қосқан күйі тастау – үлкен қауіп.

Бұл ескертулер барлық жандар үшін маңызды, өйткені қазіргі әлемде біз барлық жерде техниканы қолданамыз.

Қауіпсіздікті сақтау арқылы өз құралдарыңның қолданыс мерзімін ұзартасың, олардың қызмет ету сапасы да жақсы болады, жас техник!



10-сурет. Ток көзінен абайла!

Қауіп төнген жағдайда міндетті түрде дабыл қағылады. Дабылдың түрлері: өрт дабылы, көлік, үй есігінің қауіпсіздік кілті бұзылған жағдайдағы қауіп дабылы, жер сілкінісін ескерту дабылы т.б. Дабыл соғу, теле, радио, телефон хабарламалары, ауызша хабарлау арқылы жүзеге асады.

Қауіп-қатер – адамның жеке басына, қоғамға, мемлекетке мүлтік (материалдық), физикалық немесе моральдық (рухани) залал келетін қиындықтар.

Адам өміріне қауіп тудыратын қатерлі жайттар да назардан тыс қалмауы керек. «Сақ жүрсең – нақ жүресің» дегендей, үзілген электр сымы, жарылған су құбыры, қақпағы ашық қалған көріз құдығын айналып өткен соң, ол туралы тиісті жерге хабар беру дабыл қағумен бірдей.

Дабыл қағу түрлеріне арнайы орындарға хабар беру, үлкендерге ескерту, психологпен кеңесу, ұстазбен ақылдасу да жатады.

Қауіп төнгенде телефон қоңырауын, қол қоңырау немесе ысқырық пен кез келген дыбыс түрін қолдануға болады.



Талда

Сұрақтарды талдап, жауап бер.

Өзінде қызып кететін смартфон бар деп елестетіп көр. Мұндай жағдайда не істеуге болады? Қызып кетудің себебі қандай болуы мүмкін? Қызып кетудің құрылғы мен пайдаланушыға қандай әсері бар деп ойлайсың?



Жағдаяттық талсырма

Екі топқа бөлініп, әр топ сұрақтарға жауап бере отырып, өз жағдаяттарын құрастыруы керек. Әртүрлі жағдайларда (мысалы, көшеде, мектепте, қоғамдық көлікте) дабыл берудің ұтымды және практикалық әдістерін ұсынуы керек. Топ жұмысы ойларының, дәлелдерінің нақтылығы, тапқырлығы тұрғысынан бағаланады.

- 1) Қауіп туралы дабыл дегеніміз не және ол не үшін қажет екенін айт.
- 2) Дабыл берудің ең тиімді құралы қандай?
- 3) Мектеп оқушылары үшін қандай жағдайлар қауіпті болуы мүмкін және оларға дабылды қалай беру керек?



Өзіндік жұмыс

1. Тұрмыстық техниканы қауіпсіз пайдалану туралы постер немесе инфографика жаса. Графикалық редакторларды қолдануға немесе қолмен сурет салуға болады.
2. QR-code-тағы бейнежазбаны көріп, өз аймақта-рында болуы мүмкін табиғи апаттан сақтану нұсқау-лығын құрастырыңдар.



Қызықты ақпарат

Қауіпсіздік пен қызығушылықты қатар қанағаттандырғысы келген балалар өнертапқыштық идеяларды жүзеге асырады екен. Кім біледі, бәлкім, бұл сендерге де ой салар?

Жас өнертапқыштардың өмірімізді ыңғайлы да қауіпсіз етуге қосқан үлесі аз емес. Тіпті 17 қаңтарда «Өнертапқыш балалар күні» атап өтіледі. Бұл күн Американың мемлекет қайраткері, дипломат, ғалым, өнертапқыш және журналист Бенджамин Франклиннің туған күніне байланысты алынған. Ол 12 жасында алғашқы шомылу барысында екі қолға киілетін ескекті ойлап тапты. Кейіннен Б.Франклин көптеген сынақтар жасап, ғылыми зерттеулерін жалғастырды және өлемдік ғылымға сүбелі үлес қосты. Оның өнертабыстарының арасында тер-белмелі-кресло, бифокалды көзілдірік және басқалары бар.

Өнертапқыш балалармен таныса отырыңдар.

Бинтті ауыртпай алуға арналған құрал

Ойлап тапқан: Алана Майерс.

Сегіз жасар Алана Майерс (11-сурет) жарақатын таңған бинтті шешкенде ауырсынатын. Өйткені бинт теріге қатты жабысып қалатын еді. Көп ұзамай Алана бинтті ауыртпай алудың құпиясын тапты. Сөйтіп, сабын, су және лаванда эссенциясынан тұратын қарапайым құрал көптеген адамға көмектесті..



11-сурет. Алана Майерс

Брайль шрифті

Ойлап тапқан: Луи Брайль.

Он бес жасар Луи Брайль әскери істе қолданылатын арнайы «қара шрифтпен» танысқан соң, өз шрифтін ойлап табады. Осылайша

миллиондаған зағип адамдарға оқу арқылы қажетті ақпаратты білуге мүмкіндік берді.

Ықылықты басатын мұз кәмпит

Ойлап тапқан: Мэллори Кьюмен.

Адамға қолайсыздық тудыратын жайттың бірі – ықылық. Он үш жасар Мэллори Кьюмен (12-сурет) ықылықтан тез құтылудың амалын ойлап табады. Бұл қант пен алма сірке суынан тұратын мұз кәмпит еді.



12-сурет. Мэллори және оның мұз кәмпиттері

Құлағы нашар еститіндерге арналған құрал

Ойлап тапқан: Джона Кон.

Гитараны шертіп отырғанда он төрт жасар Джона Кон есту қабілеті нашар адамдардың музыканы тыңдай алмайтынына қынжылды. Ол терең ойға батты. Көп ұзамай Джона дыбыс толқынын дене түйсігі арқылы сезінуге мүмкіндік беретін құрылғыны әлемге таныстырды (13-сурет).



13-сурет. Джонаның өнертабысы

Қорғаныш құлаққабы

Ойлап тапқан: Честер Гринвуд.

Он бес жасар Честер Гринвуд коньки тебуді жақсы көретін. Бірақ ұзақ уақыт сырғанаудан құлағы тоңып кетеді екен. Бала баскиім кияді ұнатпағандықтан, құлағын суықтан қорғау үшін әжесінен жүннен арнайы құлаққап тоқып беруді сұрайды. Бұл аксессуар оның таныстары мен достарына қатты ұнайды. Осылайша өнертабыс тез арада елге тарап кетеді. Бұл құлаққаптар дами келе, қатты шудан қорғану үшін де қолданылатын болды (14-сурет).



14-сурет. Қорғаныш құлаққабы

Мобильді аккумуляторлар

Ойлап тапқан: Эйша Кхаре (18 жасында)

Эйша Кхаре, өзге де он сегіз жасар жасөспірімдер сияқты ұялы телефонның қуаты тез сөніп қалуынан жапа шекті – жастар сөйлесіп, интернетте отырғысы келеді, бірақ телефон қуаты тез таусылып қалады. Нанохимияға қызығатын қыз осы мәселені шешпек болып, әлемге ұялы телефонды жарты минутта қуаттандыра алатын ерекше аккумуляторды ұсынады (15-сурет). Эйша осы өнертабысы үшін қомақты қаржы алды, себебі оның жасаған жаңалығы көптеген құрастырушыларды қызықтырды.



15-сурет. Э.Кхаре мобильді аккумулятормен

<https://el.kz> сайтынан



Ойна да ойла!

1-топ мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді оқиды, 2-топ сақтық, қауіпсіздікті сақтау туралы ой түйіндейді.

1. Сақтықта қорлық жоқ.
2. Сақтық пен жақсылық – бар аурудың дауасы.
3. Екі тоқтап, бір қара – еренсіздіктің емі сол.
4. Сақтық – жауға бермес,
Достық – дауға бермес.
5. Қазынаға қарауыл болсаң – қырағы бол.
6. Абай болсаң – өмірің ұзақ,
Қамсыз болу – құрылған тұзақ.

Халық нақылы

7. Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға.

Абай



Біліміңді тексер!

1. Техниканы қауіпсіз пайдалану дегенді қалай түсінеміз?
2. Қандай қауіпсіздік шараларын сақтау маңызды?
3. «Қауіп туралы дабыл» ұғымын қалай түсінеміз?
4. Қауіп туралы дабылды қалай беруге болады?

● Меңгерілетін білім:

- Азық-түліктің адам ағзасы үшін маңыздылығын түсінеміз.
- «Дұрыс тамақтану» деген қандай ұғым екенін білеміз.

● Кел, ойнайық!

- Тамақ түрлері қандай?
- Азық-түлік қауіпсіздігі деген не?
- Адам денсаулығына тамақтанудың әсері қандай?



Түйін сөздер

Тиімді тамақтану, дәрумен, көкөніс, денсаулық.



Маңызды ақпарат

Азық-түлік қауіпсіздігіне жауапты ұйымдар

Әлемде: Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ).

Дүниежүзілік азық-түлік қауіпсіздігі ұйымы (ДАҚҰ).

Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO).

Қазақстан Республикасы бойынша:

Денсаулық сақтау министрлігі.

Өнеркәсіп және инфрақұрылымдық даму министрлігі.

Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі ұлттық агенттік (ҚазҚСҒЗИ).

Тиімді (дұрыс) тамақтану – ағзаның өмір сүруге, денсаулықты және жұмысқа қабілеттілікті сақтауға қажет нәрлі заттарды (ақуыз, май, көміртегі, дәрумендер, минералды тұздар) бойға сіңіруі адам тарапынан бағыланып, жоспарлы түрде жүзеге асырылуы.

Ұтымдылығы:

Тиімді тамақтану кезінде адам біраз ауру-сырқауға ұшырамай, оларды оңай еңсеріп отырады.

Асқазан, жүрек-қан тамыр т. б. сырқатқа ұшырағанда тамақтанудың арнайы ойластырылып жасалған ас үлесі (рацион) мен режимі – емнің бір түрі.

Қандай тағамдарды ұнатасың? Ал оның денсаулыққа пайдасы туралы білесің бе? Тамақтану талаптары мен ережелері бар деп ойлайсың ба? Кел, осы бағытта ақпараттармен танысайық.

Тамақтану бүкіл ағзаның бір қалыпты дамуы мен үйлесімді қызметін қамтамасыз етеді. Адамның кәсібіне, жасына сәйкес, тіршілік әрекетіне қарай қажет тамақтық рационны оның құрамындағы ақуыз, май, көмірсулар т. б. заттардың сапасы мен мөлшері жағынан реттеліп отыруы керек. Бірқатар заттар, кейбір дәрумендер дайын күйінде тағам мәзірінде қарастырылады. Отбасы мүшелерін азық-түлікпен қамту барысында оның пайдасы ескерілуі қажет (*16-сурет*).

Азық-түлік қауіпсіздігі – барлық адамдардың сапалы және қауіпсіз

тағаммен қамтамасыз етілуі. Сондықтан да азық-түліктің адам денсаулығына қауіпсіздігін тексеруді қадағалайтын арнайы ұйымдар бар.

Денсаулықты сақтау және ықтимал проблемалардың алдын алу үшін қалай тамақтануды білу өте маңызды.

1. **Қоректік заттар.** Тағам құрамында ақуыздар, майлар, көмірсулар, дәрумендер мен минералдар сияқты әртүрлі қоректік заттар болуы маңызды.
2. **Тағамның тазалығы.** Тамақ арқылы берілетін инфекциялар мен аурулардан аулақ болу үшін тамақ гигиеналық тұрғыдан таза болуы керек. Тамақ таза және қауіпсіз ортада әзірленуі керек.
3. **Жарамдылық мерзімі.** Азық-түліктің белгілі бір жарамдылық мерзімі бар. Мерзімі өткенде олар тұтынуға қауіпті болуы мүмкін. Улануды немесе инфекцияны болдырмау үшін өнімдерді қолданар алдында олардың жарамдылық мерзімін тексеру маңызды.
4. **Қауіпті қоспалар.** Кейбір тағамдарда жасанды түстер, консерванттар және хош иістер сияқты қауіпті қоспалар болуы мүмкін. Мектеп оқушылары осы қоспалары бар өнімдерді қолдануда абай болу керек.
5. **Аллергендер.** Кейбір тағамдар адамдарда аллергиялық реакциялар тудыруы мүмкін. Тағамды тұтынар алдында жаңғақтар, глютен және сүт өнімдері сияқты ықтимал аллергендердің құрамын тексеру қажет.
6. **Салауатты өмір салты.** Дұрыс, тиімді тамақтану салауатты өмір салтының бір бөлігі ғана.



16-сурет. Дәруменге бай азық-түліктер

Денсаулықты сақтау үшін тұрақты физикалық белсенділік, төттілер мен газдалған сусындарды қалыпты тұтыну және жеткілікті ұйықтау да маңызды.

Міне, енді сен азық-түлік қауіпсіздігі мен дұрыс тамақтану туралы, әр адамның денсаулығы – ұлт денсаулығы екенін білесің. Өз біліміңді тиімді пайдалан.



Талда

Мақал-мәтелдерді оқып, қазақ халқының асты қалай қастерлегенін, маңызы мен мәнін талдап, түсіндіріңдер.

1. Ат қадірін жоқ білмес,
Ас қадірін тоқ білмес.
2. Аз қайғыны ас басады,
Көп қайғыны дос басады.
3. Ашығып жесең, нан да шекердей көрінеді.
4. Ас қадірін білмесең, ашаршылықты көрерсің,
Ат қадірін білмесең, жаяушылықты көрерсің.
5. Ат – адамның қанаты,
Ас – адамның қуаты.
6. Асы бар аяқтан аттама.
7. Күріштің мәнін май келтірер.



Қызықты ақпарат


Мәтінді оқып, қазақ халқының асқа қойылатын талаптарын біліп ал.

Қазақ халқының тамақтануы да, азық-түлік таңдауы да – ғасыр бойы жинақталған тәжірибе. Ең бастысы – адам денсаулығын сақтауға, дұрыс тамақтануға негіз. Ұлттық өмір-салт пен өмір сүру ерекшелігіне, төтенше жағдайларға (жаугершілік, оқыс оқиға, ұзақ жол жүру т.б.) лайықталған.

Қазақ халқы нан мен тұзды «киелі ас» деп қастерлейді. Дастарқанға алдымен нан қояды (17-сурет). Сүт өнімдерінің маңызы мен мәнін білетіні соншалық, шаймен бірге үнемі сүйекті нығайтатын ірімшік, балқаймақ, құрт ұсынатын болған. Сары майды тұздап, қарында сақтауы – майдың бұзылмауымен бірге, емдік қасиетін де күшейткен.

Асылған еттің сүйегі – кальций, сіңірі – коллаген. Арнайы сабада, есте сақталатын қымыз бен шұбат иммунитетті көтереді, бауырды тазалап, өкпе, асқазан, өт жолдарының жұмысын жақсартады.

Ыдысты киікот (көкемарал), қарағай, аршамен ыстап барып сусынды сақтауы – тазалық пен емдік үлгісі. Сол сияқты етті де даланың емдік шөптерімен ыстау денсаулыққа пайдалы.



17-сурет. Дастарқан

Шай дайындауда емдік қасиеті бар шөптер қолданылады, өсіресе хош иісті жалбыз, райхан, киікот. Дәрумендер көзі – долана, шырғанақ, бөріқарақат, тау қарақатын кептіріп қолданған. Жайлауда балалардың рауғаш, бүлдірген, жабайы жеміс түрлерін жеуін қадағалаған.

Минералды сулар мен бұлақ, өзен суларын қолдану қауіпсіздігі мен гигиенасын бала кезінен үйреткен. Ауызсу тазалығына мән берген, лас, жарамсыз суларды пайдалануға қатаң тыйым салған. Ас тазалығын, тамақты сіңіру қағидаларын түсіндіріп, ұрпақтың таза, дені сау болып өсуін қадағалап отырған.

А.Асыл



Өзіндік жұмыс

1. Қосымша әдебиеттерге сүйеніп, Төрегелді Шармановтың тағамтану саласындағы еңбегі туралы хабарлама немесе бейнеролик дайында.

Төрегелді Шарманұлы Шарманов – Қазақстандық гигиенист-нутрициолог ғалым. Медицина ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақ тағамтану академиясының президенті. Ресей Медицина Ғылым Академиясының және Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының академигі. ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері.

2. Қазақтың ұлттық тағамдарының адам денсаулығына қажетті сапасы туралы ата-әжеңнен, әке-шешеңнен сұхбат ал. Оны өз аккаунтыңнан жарияла.
3. «Қазіргі кезде неліктен денсаулыққа зиянды тағамдар жеуге әуеспіз?» деген сұраққа сұхбатты пайдалана отырып, «Жолаушының қойын дәптері» тәсілі бойынша өмір шындығымен байланысты талдаңдар.
 - 1) Сұхбаттан сұраққа дәлелді жауап беретін үзінділерді жазып алу.
 - 2) Осы үзінділерді денсаулыққа пайдасы тұрғысынан топ ішінде талқылау.
 - 3) Өз әсерлерін жазу.
 - 4) Автор орындығында жазған пікірді оқу.



Ойна да ойла!

«Азық-түлік детективі» рөлдік ойыны.

Оқушылар топтарға бөлінеді. Әр топ мүшелері детектив ретінде сапасыз немесе жалған өнімдерге байланысты жағдаят дайындайды (мысалы, мерзімі өткен азық-түлікті сату, жалған сусындар өнімі, ас өзірлеуде санитарлық талап сақталмауы т.т.). Оқушылар «айыптаушы», «тұтынушы», «куәгерлер», «қорғаушы», «тағамтану маманы» рөлдерін атқарады, пікір алмасады, дәлелдер іздейді және мәселенің шешімдерін ұсынады.



Білімді тексер!

1. Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат деп нені айтар едің?
2. Азық-түлік қауіпсіздігі дегенді қалай түсінесің?
3. Сен жейтін тағамдарда қандай пайдалы дәрумендер бар?

V БӨЛІМ.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Досым, бұл бөлімде:
өлкеміздің, еліміздің экологиясы туралы
мағлұмат аласың, «Табиғатпен бірге
қалай өмір сүруге болады?» деген
сұраққа жауап іздейсің; экологиялық
тәуекелдер туралы, табиғатты
қалай қорғауға болатынын білесің;
«Көміртегі ізі» туралы біліп, қа-
уіп-қатерлерді қалай азайтуға
болатынын түсінесің.



Меңгерілетін білім:

- Өз өлкеміз бен еліміздің экологиялық жағдайы туралы ақпараттармен танысамыз.
- Экологиялық апаттардың алдын алу туралы білім көзін қалыптастырамыз.

Кел, ойланайық!

- Экология ғылымы нені зерттейді?
- Өз өлкеңнің экологиялық жағдайы қандай?

**Түйін сөздер**

Экология, тазалық, үйлесімділік, кен орындары, қалдықтар.

**Маңызды ақпарат**

Экология – тіршілік ету мекені, өмір сүретін орта туралы ғылым. 1886 жылы «экология» терминін атақты неміс биологы Эрнест Гекель ғылымға енгізген. Ол: «Экология – табиғат пен тірі ағзалардың өзара қарым-қатынасын зерттейтін ғылым», – деген анықтама берген.

Экожүйе – «экологиялық жүйе» сөзінің қысқарған түрі. Белгілі бір ортада тіршілік етіп жатқан жануарлар мен өсімдіктер дүниесін, микроағзаларды, олардың бір-бірімен байланысы және өзара зат пен энергия алмасуын «экожүйе» деп атайды.

Сен өз өлкеңнің табиғатын қалай бағалайсың? Онда сол сұлулықтың мәңгі тұрғанын көңілің қалайтын болар? «Экология» сөзін естігенде табиғаттың ахуалына байланысты ойланатынымыз да шындық.

Табиғат – тіршілік әлемінің ғажайып құбылысы. Жер шарын мекен ететін аамдар өздері тұратын мекеннің табиғатымен үйлесімді өмір сүреді.

Табиғатты қорғау дегеніміз – табиғат ресурстарын қоршаған ортаға зиян келмейтіндей пайдалану, оның тиімді жолдарын іздеу, қалпына келтіру, бүліну, ластану, жойылып кетуден сақтау.

Табиғатты қорғау жеке адам тарапынан да, халықаралық, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар тарапынан да жүзеге асырылады.

Соңғы жылдары жер шарында көптеген өзгерістер байқалды: ауа райы өзгерістеріне байланысты тосын құбылыстар, өнеркәсіп орындарының жұмысына байланысты ауаға зиянды газдар, шаңдар көтеріліп, адамдардың денсаулығына қауіп төндіруде. Ауа кеңістігі табиғи және жасанды жолмен ластанады. Бұл ластану дүниежүзілік мұхиттар мен

теңіздерге де өз ықпалын тигізуде (18-сурет). Сондықтан еліміздің табиғатына зиян келтірмеу, қорғау аса маңызды мәселеге айналды.

Осы бағытта табиғатты қорғаудың бірнеше ұстанымдарын ескерген орынды. Олар:

- табиғат байлықтарын пайдалануды тұтынушылардың мақсаты мен табиғат әлеуетін ескере отырып жүзеге асыру. Мысалы: орман тек қана құрылыс материалы ретінде емес, ол ауа райын реттеуші, ылғал көзі, дәрі-дәрмек, аң мен құстың мекені, топырақты қорғаушы және адам үшін денсаулық кепілі екенін ескеру қажет;
- табиғат байлықтарын пайдалану барысында оның жергілікті жер үшін маңызы мен қорын қатаң есепке алу. Бұл әсіресе орман, су қоры үшін қажет. Мысалы: Әмудария мен Сырдарияның өзендерін ауылшаруашылығы үшін барынша пайдаланудың нәтижесі Арал теңізіне біржола құрып кету қаупін төндірді (19-сурет).
- табиғат қорларын пайдаланғанда олардың бір-бірімен байланысты екендігін есте сақтау керек. Демек, табиғаттың тарихи-табиғи байланысын, тепе-теңдік процесін бұзбау деген сөз. Мысалы: Семей өңірінің Шыңғыстау ормандарының құрылыс үшін кесілуі – осы өңірдің аң-құсы мен шұрайлы жайылымынан айырылуға әкелді (20-сурет).

Табиғат пен адамзаттың үйлесімділігі бұзылса, табиғи ауытқушылықтар орын алады. Бұл – адамзат тарапынан болған зиянды әрекеттердің әсерінен бүкіл табиғаттың біртұтастығы жойылып, түрлі апаттардың орын алуы мүмкін деген сөз.

Туған өлкең еліміздің табиғатының ерекше бір бөлігі екенін есте



18-сурет. Судың ластануы



19-сурет. Суы тартылған теңіз



20-сурет. Орманның кесілуі

сақта! Табиғат ластануынан тек адам ғана емес, жан-жануарлар мен жәндіктер, өсімдіктер мен құстар да зардап шегеді. Ол бүкіл әлемнің тепе-теңдігі бұзылуына әкелуі мүмкін.

Сол себепті экожүйенің бұзылмауының бірден-бір жанашыры бол, жас ұлан. Қоршаған ортаға деген қамқорлық пен сүйіспеншілік – Жер шарына деген махаббат.



Талда

Ақпаратпен танысқан соң, «Таза табиғатпен – болашаққа» экологиялық шеруін ұйымдастыру жоспарын жасаңдар.

- Швеция – өз еліндегі қоқыстарды өңдеуді 100 % орындап отырған ел. Қазір ол басқа елдердің де қоқыстарын сатып алып, одан электр қуатын өндіруде. Соның есебінен мұндағы электр қуатының бағасы өте арзан.
- Бүгінде орташа есеппен автокөлік әрбір 35 шақырым сайын 0,5 килограмнан астам зиянды қалдық шығарады. Ал 50 жыл бұрын көліктің қоршаған ортаға келтіретін зияны қазіргіден шамамен, 25 есе жоғары болған.
- 4 литр жанармай 4 миллион литр таза ауызсуды ластай алады.
- Темір өндірісі – ауаға шығатын барлық көмірқышқыл газының 6%-ының көзі болып табылады.
- Бір ғана АҚШ-тың өзінде бір сағатта екі миллионнан астам пластик құты тасталады. Ал тәулігіне қайта өңделетіні – небәрі 230–270 мың құты ғана.



Қызықты ақпарат

Жер – ғаламның ең көрікті планетасы. Табиғат – жер шарының көркі! Жер-Ананы қадірлеген адал ұрпақ есімі ұмытылмай, аттары ғаламға танылған. Оның бір дәлелі – тіпті көктегі жұлдыздарға да ұлы тұлғалардың есімдері берілуі.

Атақты астроном Николай Черных қазақтың атақты геологі Қаныш Сәтбаевтың құрметіне осыдан тура 35 жыл бұрын, яғни 1979 жылдың 31 шілдесінде ашқан планетасына (астероид, кіші планета) «Сәтбаев» атауын берген. Сәтбаев жұлдызын әрдайым Торпақ шоқжұлдызынан көріп отыруға болады.

Николай Черных 1979 жылы Марс пен Юпитер арасында қозғалып жүрген кіші планетаның атын ұлы ақын Абай Құнанбайұлының есімімен атаған. «Абай ғаламшары» Халықаралық планеталарды зерттеу орталығының каталогіне 4466-болып тіркелген. «Абай планетасы» әр бес жыл төрт күн сайын Күнді бір мәрте айналып шығады. Сонымен қатар, Черных тап осы жылы тағы бір кіші планетаға «Қазақстания» деген атау қойған болатын. «Қазақстания» ғаламшары Күнді 3 жыл 3 ай 10 күнде айналып шығады.

«Уикипедия» ашық энциклопедиясы



Өзіндік жұмыс

«Менің өлкемнің экологиялық жағдайы» тақырыбында фото және бейнетүсірілімдер жасап, таныстырылым дайында.



Ойна да ойла!

Нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді оқып, өзінді толғандырып жүрген экологиялық мәселелер жөнінде өз ойыңды білдір.

1. Судың да сұрауы бар.
2. Гүлді көрсе, бұлбұл сайрар,
Өзен келсе, өлке жайнар.

Халық даналығы

3. Қаз көтерілсе, үйрек көлді жайлайды.

М.Қашқари

4. Бір орманның кетуіне өртеніп
Жетіп жатыр сіріңкенің бір басы.

Қ.Мырза Әлі

5. ...Экологиялық мәселелер ең маңызды өмірлік мәселелердің бірі ғой, өйткені әңгіме адамның өмір сүретін ортасы, болашақ ұрпақтарының өмірі туралы болып отыр.

Ш.Айтматов



Біліміңді тексер!

1. Еліміздің экологиялық жағдайы қандай деп ойлайсың?
2. Экологиялық мәселелердің қайсысына баса назар аударуға кеңес берер едің?

Табиғатпен бірлікте қалай өмір сүруге болады? Экологиялық тәуекелдер

Меңгерілетін білім:

- Табиғатпен үйлесімді өмір сүру не үшін керек екенін түсінеміз.
- Экологиялық тәуекел, экологиялық қауіп дегенің не екенін ұғынамыз.

Кел, ойланайық!

- Табиғатпен бірге өмір сүру дегенді қалай түсінесіңдер?
- Экологиялық тәуекел, экологиялық қауіп қашан орын алады?



Түйін сөздер

Таза табиғат, ландшафт, планета, экологиялық тәуекел, зиянкес.



Маңызды ақпарат

Экологиялық тәуекел – белгілі бір факторлардың әсерінен қоршаған орта және табиғи нысандар жай-күйінің қолайсыз өзгерістерге ұшырау ықтималдығы.

Биосфера – Жердің тіршілік иелерінің өмір сүретін қабығы.

Биоалуантүрлілік – адамзатты шексіз ұзақ уақыт энергетикалық, техникалық және басқа ресурстармен қамтамасыз етудің жалғыз көзі.

Биологиялық алуантүрлілік конвенциясы – биологиялық алуантүрлілікті сақтау жөніндегі халықаралық келісім.

Ландшафт – климаттық, гидрогеологиялық т.б. өзге де физикалық-географиялық жағдайлардың заңды үйлесуінен құралған табиғи кешен.

Қалдықтар – экологиялық қауіпті туғызатын түрлі зиянды заттар.

Сен «Жер-Ана» деген ұғыммен таныссың. Демек, табиғатпен жанымыз егіз екенін де түсінесің. Сондықтан бүгін табиғатпен үйлесімде өмір сүру туралы ой қозғаймыз.

Жас өркен, егер сен табиғатпен бірлікте өмір сүруді үйренгің келсе, онда табиғатқа жақын бол, сұлулығы мен сырын түсін: жергілікті өзендерді, ормандарды және саябақтарды, құмды алқаптарды зертте. Ерекшелігіне назар аудар, деректермен таныс.

Қазақ халқының ұрпағына ұлықтаған аманаты – табиғатқа деген сүйіспеншілігі. Халық ұғымында «табиғат» – қасиетті сөз, «туған жер, өскен ел, атамекен, аяулы өлке, ауылым» деген ұғымдар – тұла бойыңа нәр беріп, жүрегіңді шымырлататын аса қымбат сөздер. Ендеше, табиғатпен тұтастықта өмір сүру – ұлттық код, әр балаға ананың сүтімен даритын сезім.

Табиғатпен үйлесімді өмір сүретін адамдар көбінесе ашық ауада уақыт өткізіп, көгалдандыруға көңіл бөледі.

Табиғатқа жауапкершілікпен қарайтын адамдар:

- биоалуантүрлілікке қамқорлық жасайды: жергілікті флора мен фаунаға күтім жасауға, экожүйелерді сақтауға үн қосады.
- олар әдетте өзін-өзі тәрбиелеу және қоршаған ортаны қорғаудың маңызы туралы білімді таратады.
- табиғат этикасын: табиғатты қорғауға бағытталған этикалық қағидаларды сақтайды.

Экологиялық қауіпті туғызатын **зиянкестер** жеткілікті. Мәселен, радиация әсерлері, зауыт, тұрмыстық және малшаруашылығы қалдықтары т.б. Бұлар биосфераға, экожүйе, қоршаған орта мен денсаулыққа орасан зор зиян келтіреді, климаттың өзгеруіне, экологиялық төуекелдерге әкеледі.

Экологиялық төуекел – белгілі бір факторлардың әсерінен қоршаған орта және табиғи нысандардың қолайсыз өзгерістерге ұшырау ықтималдығы.

Егер біз планетамызға қамқорлық жасамасақ және оның ресурстарын жоғарыда айтылғандай бей-берекет пайдалансақ, бұл зиянды салдарға әкелетіні сөзсіз. Энергияны тым көп қолдансақ, көп қоқыс тастасақ – қоршаған ортаға зиян келтіргеніміз.

Экологиялық төуекелдерді азайту шараларына үлес қосу, табиғатты қорғау идеяларын, жақсы бастамаларды қолдау, экологиялық сенбілікке шығу – аса маңызды міндет (*21-сурет*).



21-сурет. Экологиялық сенбілік



1. Ақпарат негізінде «Табиғат – білім мен тәжірибе көзі» тақырыбында пікір алмасыңдар.

Дала – ғасырлар энциклопедиясы, онда телегей-теңіз білім бар, таусылмайтын тарих бар. Елінді, жерінді жүрегіңмен сүй, Ұлы дала ұланы!

Адамдар мен табиғат бір-біріне тәуелді түрде бірге өмір сүреді:

- адам су, тамақ және ауа сияқты табиғи ресурстарға тәуелді;
- табиғат экожүйелерінің қорғалуы және сақталуы адамға байланысты.

Табиғат – тұнып тұрған шипажай: өсімдіктері – емдік дәрі мен дәрумендер көзі. Ал жануар, жәндіктер – түрлі ауруларға ем. Мысалы: жылан уы, құмырсқа қышқылы, кит майы т.б. Маржан рифтерінде дәрі-дәрмектерді жасау үшін қолдануға болатын заттар бар.

Табиғат өнер мен мәдениетті дамытуға арқау болады. Көптеген суретшілер, жазушылар мен музыканттар қоршаған ортадан, табиғаттан шабыт алады.

Табиғатпен үйлесімді өмір сүру күйзелісті азайтады және денсаулықты жақсартады: ғылыми зерттеулер табиғатта өткізген уақыт күйзеліс деңгейін төмендетіп, психикалық денсаулықты жақсартады және иммундық жүйені нығайтады деп болжайды.

Табиғат экономикалық пайда әкеледі: туризм, ауылшаруашылығы т.б. көптеген адамдар үшін тіршілік пен табыс көзі.

2. QR-code-тағы материалды тыңдап, Төле би атамыздың іс-әрекетінен қандай үлгі алуға болатынын талдаңдар.



Әйгілі әрі сүйікті кейіпкер Мауглидің: «Біз бір тектенбіз!» деген әйгілі мәтелі есінде ме? Үнемі болмаса да табиғат перзенттері арасында достық орын алатын жағдайлар кездеседі. Келесі беттегі оқиғалар – осындай ерекше достық хикаялары.

Кевин Ричардсон және оның сүйікті мысықтары

Зоолог Кевин Ричардсон көптеген жылдар бойы Оңтүстік Африкадағы Гаутенг провинциясының саябағында жұмыс істейді. Ричардсон шынайы мейіріммен арыстандардың достығына ие болды. Ересек арыстандардың өзі Кевинмен бірге ойнаудан бас тартпайды екен. Зоолог олардың достығының құпиясы мейірім мен сыйластықта екенін айтады (22-сурет).



*22-сурет. К.Ричардсон
арыстанмен бірге*

Марк Дюма және аю Эйджи

Марк Дюма – ақ аюмен тығыз достық қарым-қатынаста жүрген жалғыз адам. Жыртқыш анасы бас тартқан кезде ол Эйджиді бөтелкеден тамақтандырды. Бүгінде Эйджи 26 жаста. Ол өзінің нағыз досына айналған құтқарушысына өте мейірімді (23-сурет).



*23-сурет. М.Дюма
мен аю Эйджи*

Джуберт отбасы және бегемот Джессика

Бегемот Джессиканы бүкіл әлем Джуберт отбасының қызы және «Мистер Бонс» фильмінің жұлдызы ретінде біледі. 2000 жылы Лимпопода су тасқыны болған кезде, Тони Джуберт жаңа туған гиппопотамды құтқарып, үйіне әкеледі. Балалары жоқ Тони мен Шерли кішкентай Джессиканы барынша бағып-қағып, оған қамқорлық жасауға кіріседі, тіпті бірге теледидар да көретін. Бүгінде Джессика өз бауырларымен бірге тағы табиғатта өмір сүреді. Алайда ол «ата-анасына» олармен бірге теледидар көру немесе дәмді шай ішіп, төтті картоптан дәм тату үшін жиі барады (24-сурет).



*24-сурет. Джуберт отбасы
және бегемот Джессика*

Дэмиен Аспиналл және горилла Квиби

Ата-анасы браконьерлердің құрбаны болғаннан кейін бала горилла жетім қалады. Зообақтың иесі Дэмиен Аспиналл оны Квиби деп атап, бірнеше жыл бойы қамқорлық жасайды, көңілді демалыс ұйымдастырып тұрады. Квиби өскенде, Аспиналл оны африкалық джунглиге жіберді. Бес жылдан соң кездесуге келген Дэмиен досы оны ендігі ұмытып қалған болар деп ойлайды. Бірақ Квиби досының даусын ести салысымен бірден елең етіп, жүгіріп келіп, құтқарушы досының құшағына кірген екен (25-сурет).



25-сурет. Дэмиен мен Квиби



Өзіндік жұмыс

1. «Табиғат таңғажайыптары» тақырыбында фототүсірілімдер жаса.
2. Топпен «Біздің экология» тақырыбында фотокөрме дайындаңдар.



Жағдаяттық талсырма

Кімдікі жөн?

Маржан мен Нұрлан көшеде келе жатып, самса жеді де, Нұрлан қолындағы қағазын тастай салды. Маржан қағазды көтеріп, оған ескерту жасады. Нұрлан жерде толып жатқан қоқысты көрсетіп: «Елдің бәрі тастаған ғой...», – деді.



Ойна да ойла!

«Тапқырлар» интеллектуалды сайысы. Оқушылар бірнеше топқа бөлініп, мұғалімнің тақырып бойынша дайындаған викториналық сұрақтарына жауап береді. Соңында сұрақтарға дұрыс жауап берген топтар жеңімпаз атанады.



Білімді тексер!

1. Табиғатпен бірге өмір сүру деген не?
2. Экологиялық тәуекел туралы не білдің?

§17.

Табиғатты қалай қорғауға болады? «Көміртегі ізі»: қауіп-қатерлерді қалай азайтуға болады?

Меңгерілетін білім:

- Табиғатты қорғау туралы ой тұжырымдаймыз.
- Табиғатқа төнген қауіп-қатердің алдын алу туралы білімімізді бекітеміз.

Кел, ойланайық!

- Табиғатты қалай қорғауға болады?
- Ауа тазалығы және оның маңызына нелер жатады?

Түйін сөздер

Табиғи ресурстар, ауа тазалығы, қорғау, қамқорлық.

Маңызды ақпарат

Табиғатты қорғау – табиғи жер-су ресурстарын ұтымды пайдалану, сақтау және ұдайы өсіру мақсатында жүзеге асырылатын мемлекеттік, қоғамдық, экономикалық және заңды шаралар жүйесі.

Қазақстан Республикасында табиғатты қорғауды күшейтуге, республикамыздың табиғи ресурстарын ұдайы өсіруге бағытталған бірқатар заңнамалық актілер қабылданған.

Әр облыс жанында осы актілердің орындалуын бақылайтын арнаулы мекемелер бар. Республикада табиғат қорғау прокуратурасы құрылған. Ол Қазақстан Республикасының табиғат қорғау туралы заңдарының орындалуын қатаң қадағалайды.

Экологиялық білімің толысты ма, жас өркен? Енді өзің де тың идеялар беруге дайын боларсың? Олай болса, табиғатты қорғау тақырыбында ой тұжырымдайық.

Табиғатты қорғау – мәңгілік өзекті мәселе. Ол қазіргі кезде өмір сүріп отырғандарға ғана емес, сондай-ақ, болашақ ұрпаққа да қажет дүние. Дұрыс және өз уақытындағы шешімдерді қажет ететін қазіргі өзекті мәселелердің бірі.

Қазақстанда табиғатты қорғау ісі бойынша мемлекеттік ұйымдар торабы құрылған. Олардың қызметі бірегей құрамды флоралар мен фауналары бар үлкен аумақты барынша ұзақ сақтауға арнайы бағытталған. Олар – қорықтар, ұлттық табиғи саябақтар және ерекше қорғалатын аумақтар. Қазақстанда қазіргі күні республикалық маңызға ие 10 мемлекеттік табиғи қорық, 14 мемлекеттік ұлттық табиғи саябақ, 7 мемлекеттік табиғи резерват бар.

Табиғатты қорғау ісіне кез келген адам үн қоса алады.

Ол үшін:

- Табиғи ресурстарды тұтынуды азайтуды дәріптеу;
- Энергияны үнемдеуге, суару үшін жаңбыр суын пайдалануға үндеу (Жапонияда үнемі белгілі бір уақытқа жарық сөндіріліп отырады, ал адамдар соған бейімделіп, ол кезге отбасымен демалуды жоспарлайды екен. Осындай қамқорлық пен жауапкершілікті әр адам түсінсе, біз өлкенің ғана емес, жер шарының табиғатын қорғауға үлес қосар едік);
- Қоршаған ортаны таза ұстауды насихаттау (*26-сурет*) керек. Табиғатты қорғаудағы басты мәселелердің бірі – «көміртегі ізі». **Көміртегі ізі** – біздің әрекеттеріміздің нәтижесінде атмосфераға шығарылатын парниктік газдардың көлемі.

Адамдар «көміртегі ізінің» жер шарына тигізетін зияны мен әсерін түсінген кезде, оны қалай азайтуға болатынын білгісі келеді. «Көміртегі ізін» азайтудың қарапайым әдісі жұмсайтын энергияны азайту: жарықты, электр құрылғыларын өшіру, ерікті ретінде табиғатты қорғау акцияларына қатысып, өз аймағыңның табиғат тазалығын сақтауға, жан-жануарларға, құстарға, өсімдіктерге қамқорлық жасау ісіне үлес қосу т.б. Мұндай экологиялық акциялардың пайдасы неде? **Кез келген экологиялық акцияның мақсаты – адамдарды проблемалар туралы ойлауға мәжбүр ету:** табиғи ресурстарды ойланбастан тұтыну, су мен топырақтың ластануымен күресу, жойылып бара жатқан жануарлар түрлерін сақтау қажеттілігін көрсету.



26-сурет. Қоқысты реттеу

Табиғатқа қамқорлық қарапайым қадамдардан басталады, бұл экологиялық пакеттерді пайдалану, заттар мен өнімдерді ақылға қонымды тұтыну, қоқыстарды бөлек жинау болуы мүмкін.

Сен табиғатты қорғаудың әдістерін білесің, табиғат қамқоршысы болу өз қолыңда, олай болса, достарыңмен бірге табиғатты қорғау ісін қолыңа ал, әлемдегі ең керемет өлкенің мұрагері!



Талда

1. Тыйымдарды отбасыңмен бірге оқып талдап, ондағы экологиялық мәселелерді анықтап, дәлелдендер.

1. Суды шашпа, күлді баспа (күлде химиялық зиянды заттар болады).
2. Малды теппе.
3. Құстың ұясын бұзба.
4. Жалғыз ағашты жұлма.
5. Отпен ойнама.

2. Мәтінде берілген ойды экологиялық жағдайды мысалға келтіріп дәлелдей отырып, «иә» (қостаушы), «жоқ» (тойтарыс беру) тараптарының пікірсайысын ұйымдастырыңдар.

«Көбелектің әсері» атауын ең алғаш Эдвард Лоренц қолданған. Бұл «Бразилияда қанатын қаққан көбелек Техаста торнадо тудыруы мүмкін бе?» деген метафорадан шыққан. Американдық метеорологтің бұл сөзі түрлі пікір туғызады. Ол қарапайым әрекеттің елеулі салдарға ұласатынын білдіреді.



Қызықты ақпарат

Халықаралық ауқымда өткізілетін акциялар:

Дүниежүзілік жабайы табиғат қоры ұйымдастырған «Жер сағаты». Жыл сайын наурыз айында (айдың соңғы сенбісі) адамдар жарықты бір сағатқа өшіреді. Акцияға өлем бойынша 2 миллиард адам және көптеген ірі корпорациялар қатысады. Қысқа уақытқа электр қуатын өшіру түрлі экологиялық мәселелерге көпшіліктің назарын аудартады.

Халықаралық су күні – 22 наурыз. Осы күнге орайластырылып, әртүрлі ақпараттық іс-шаралар, дәрістер, сабақтар өткізіледі, фильмдер қойылады. Олар суды үнемдеудің қаншалықты маңызды

екенін еске салады, өйткені әлемде 2 миллиардтан астам адам таза ауыз суға мұқтаж.

Дүниежүзілік ағаш отырғызу күні – 14 мамыр. Осы күн қарсаңында белсенді азаматтар ормандарға ағаш отырғызады, саябақтар мен скверлерді көгалдандырумен айналысады.

Халықаралық су айдындарын тазарту күні маусым айында өткізіледі. Ақцияға қатысушылар өзендердің, көлдердің, теңіздердің жағалаулары мен түбін қоқыстардан тазартады.

Көліксіз күн 22 қыркүйекте өтеді. Өртүрлі елдердің автокөлік жүргізушілері өз көліктерімен жүруден бас тартып, автобустар мен велосипедтерге ауысады.



Өзіндік жұмыс

1. Мектеп ауласында экологиялық сенбілік ұйымдастырыңдар.
2. Өртүрлі қалдықтардан: бос құтылардан, полиэтилен пакеттерден, қағаздардан т.б. гүл салатын ыдыс, су құйғыш, өсемдік заттар жасап, таныстырыңдар.



Ойна да ойла!

Экологиялық әрудиттер ойыны. Оқушылар бірнеше кіші топқа бөлінеді.

1-кезең: «Дұрысын тап» кезеңі.

Әр топқа 5 сұрақ беріледі. Мұғалім әр сұраққа үш жауап айтады. Топтар дұрыс жауапты таңдайды. Жеңімпаз топ келесі кезеңге өтеді.

2-кезең: «Суреттер сөйлейді» кезеңі.

Тарауда қарастырылған тақырыптар бойынша суреттер беріледі. Топтар суреттерге қатысты нақты мәліметтер айтады.

3-кезең: «Ой толғау» кезеңі.

Топ мүшелері 1 минут ішінде «Жас эколог» тақырыбына әрқайсысы бір сөйлемнен жазып, толық мәтін құрауы керек. Ойын соңында жеңімпаз топ анықталады.



Біліміңді тексер!

Бүгінгі сабақтағы ең маңызды ақпарат не деп ойлайсың?

1. «Көміртегі ізі» дегеніміз не? Оны азайту әдістері қандай?
2. Табиғат ресурстарын тиімді пайдалану туралы ойландың ба?

Глоссарий

Адалдық – адам бойындағы асыл қасиеттердің бірі.

Адамгершілік – адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «Кісілік», «ізгілік», «имандылық» тәрізді ұғымдармен мөндес. Адамгершілік белгілері: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рақымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылдық т.б.

Алаяқтық – бөтеннің мүлкін жымқыру, алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену.

Ана тілі – белгілі бір этностың қалыптасып, ұлт деңгейіне дейін үздіксіз дамуына ұйтқы болып келген және сол этностың негізгі тілі саналатын, өзара қауымдаса тіршілік етуіне қажетті тіл.

Ауаны тазарту – физикалық-химиялық әдістердің көмегімен ауаны бөгде зиянды қоспалардан арылтып, оны табиғи қалыпты жағдайға жеткізу процесі.

Байланыс – 1) әртүрлі техникалық құралдар арқылы ақпарат беру және қабылдау; 2) пошта, телефон, телеграф, радио т.б. хабарын таратуды қамтамасыз ететін халық шаруашылығының бір саласы.

Банк – ақша қаржылары мен қорларын жинақтау, беру, мемлекеттер, кәсіпорындар (фирмалар), мекемелер және жеке адамдар арасындағы өзара төлемдер мен ақшалай есеп айырысуда делдалдықты жүзеге асыру, ақшаның белгілі бір түрін айналымға қосу, ақша мен құнды қағаздар шығару, алтынмен, шетелдік валютамен түрлі операциялар жасау және басқа да қызметтер атқаратын қаржы мекемесі.

Биоалуантүрлілік – адамзатты шексіз ұзақ уақыт энергетикалық, техникалық және басқа ресурстармен қамтамасыз етудің жалғыз көзі.

Бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ) – арнайы техникалық құралдардың көмегімен, кез келген тұлғаларға әртүрлі мәліметтерді ашық жариялауға арналған әлеуметтік мекемелер, әлеуметтік медиа, подкаст, газет.

Дәрумен – адам мен жануарлардың тіршілігіне, олардың ағзасындағы зат алмасудың бірқалыпты болуы үшін аз мөлшерде өте қажетті биологиялық активті органикалық қоспалар.

Дабыл құралдары – қысқа командалар, хабар жеткізулерге т.б. арналған дыбыстық және есте сақтау байланыстарының құралдары.

Жанашырлық – бір адамның қиын жағдайға тап болған өзге адамға, ет жақын туған-туыстарына, тілектес, ниеттес, сыйлас кісілеріне деген ерекше көңіл күйі, қамқорлығы.

Жеке табыс – адамның өз еңбегі үшін немесе өртүрлі көздерден алатын ақшасы немесе қаражаты.

Зиян – бір субъектінің басқа субъектілерге немесе табиғатқа, қоршаған ортаға, адамдарға келтірген залалы.

Кемшілік – атқарылған істе, мінез-құлықта байқалатын олқылық.

Кен орны, кен байлықтары – мөлшері мен сапасы жағынан өндірістік игеруге тиімді жер бетіндегі немесе қойнауындағы минералдық заттардың шоғыры.

Компьютердің құрылғылары – электрондық немесе есептегіш құрылғының механикалық бөліктері.

Кішіпейілдік – ізеттілік пен әдептіліктің, құрмет пен сыйластықтың белгісі, пейіл мен ниеттің бір түрі.

Қате – әрекеттің, шешімнің уақыт өткен соң теріс болғанын аңғартатын ұғым.

Қауіп – жеке адамның, қоғамның, мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделеріне (құқығына, бостандығына, тіршілігіне, денсаулығына т.т.) төнген қатер.

Қауіп дабылы – нақты немесе болжанған қауіп пен қатерге байланысты ескерту немесе дыбыстық белгі.

Қауіпсіздік техникасы – еңбекті қорғаудың бір түрі; жұмыс атқарушыларға қауіпті өндірістік факторлардың әсер етуіне жол бермейтін ұйымдастырушылық және техникалық шаралар мен құралдардың жүйесі; еңбекті қорғау қағидаларының құрамдас бөлігі.

Қорқыту (үркіту) – әлеуетті қарсыластың шабуылға шықпауына немесе жауап соққы арқылы қақтығысқа кіріспестей ету.

Құрылғы – 1. құрылымдық және қызметтік жақындығы бойынша біріккен бөлшектердің, түйіндердің, элементтердің жиынтығы; 2. белгілі бір техникалық нысанға тән құрылымдық және қызметтік нышанын көрсететін жекелеген бөліктердің құрамы мен өзара байланысып орналасуы; 3. жергілікті желіге немесе компьютерге жалғауға болатын кез келген жабдық, мысалы,

компьютер, басып шығарғыш, бейімдеуіш, модем немесе басқа перифериялық құрылғы.

Мейірімділік – біреуге жылы сезім таныту қасиеті.

Несие – белгілі бір мерзім бойы пайдаланып, қайтарылу үшін әдетте, пайыз төлеу шартымен ақшалай немесе тауар түрінде берілетін қарыз.

Несие пайызы – несиегер несиеге берілген ақшаны немесе материалдық құндылықтарды пайдаланғаны үшін қарыз алушыдан алатын ақы.

Отбасылық бюджет – үй ішіндегі адамдардың ай сайынғы табысы мен шығындары.

Пайыз – қандай да бір санның жүзден бір үлесі; % белгісімен таңбаланады.

Подкаст – Интернет арқылы жүзеге асатын цифрлы аудио, бейне контент.

Ризашылық – көңілі толушылық, ырза болушылық.

Сөйлеу мәдениеті – әдеби тілдің ауызша және жазбаша нормаларын білу (дұрыс айту, екпін, грамматика, сөзді дұрыс қолдану және т.б. ережелері), сондай-ақ сөйлеу мазмұны мен мақсаттарына сай, түрлі жағдайдағы сыпайы түрдегі қарым-қатынас.

Сөз мәдениеті – әдеби тілдің ауызша түрлеріне тән нормаларын игеру, тілдік амал-тәсілдерді айтылатын ойдың мақсатына сай орнымен қолдана білу, сөйлеуде мәдениеттілік, әдептілік таныту.

Сыйласу – біреуге сый-құрмет көрсету. Өзара бірін-бірі қадірлеушілік, қадір тұтушылық, қошемет көрсетушілік.

Сыпайылық (әдептілік, ізеттілік) – адамдарды сыйлау, қарым-қатынас пен өзара қатынастың күнделікті нормасы мен ережесіне айналған, айналадағылармен қарым-қатынас жасаудың әдетті тәсілі болып табылатын тұлғаның адамгершіліктік-психологиялық қасиеті, мінез бітісі.

Табиғатты қорғау – табиғи жер-су ресурстарын ұтымды пайдалану, сақтау және ұдайы өсіру мақсатында жүзеге асырылатын мемлекеттік, қоғамдық, экономикалық және заңды шаралар жүйесі.

Тиімді (дұрыс) тамақтану – ағзаның өмір сүруге, денсаулықты және жұмысқа қабілеттілікті сақтауға қажет нәрлі заттарды (ақуыз, май, көміртегі, дәрумендер, минералды тұздар) бойға сіңіруі адам тарапынан бақыланып, жоспарлы түрде жүзеге асырылуы.

Төтенше жағдай – мемлекетке төнген түрлі қауіпке байланысты мемлекет басшысы немесе парламент жариялайтын уақытша режим.

Тұлға – парасаттылығы, пайымдау мен зияткерлік қыры, моралі мен даналық зердесі, қайраткерлік саналы әрекетімен танылатын, кісілік қабілеттері мен ерекшеліктері айқын жеке адам.

Тіл – белгілі бір ұғымды немесе затты, түсінікті белгілейтін және дыбыстауы бар ортақ қабылданған таңбалар жүйесі.

Ұлттық тіл – халықтың ауызекі және жазба түрде ұлттық қарым-қатынас құралы қызметін атқаратын әлеуметтік-тарихи категория. Өзінің даму дәрежесіне орай ол ру тілі, тайпа тілі, ұлт тілі болып бөлінеді.

Үйлесімділік – сәйкестік, жарастық.

Чемпион – жеке түрдегі жарыстың жеңімпазы.

Ізеттілік – адамның әдептілігін, сыпайылығын, өнегелілігін, қарапайымдылығын білдіретін этикалық ұғым.

Экология – жеке ағзаның қоршаған ортамен қарым-қатынасын, ортаға бейімделу заңдылықтарын, сондай-ақ ағза деңгейінен жоғарырақ тұрған биологиялық жүйелердің – популяциялардың, экожүйелердің, биосфераның т.б. ұйымдастырылу және қызмет атқару заңдылықтарын зерттейтін ғылым.

Экологиялық тәуекел – белгілі бір факторлардың әсері салдарынан қоршаған орта және табиғи нысандар жай-күйінің қолайсыз өзгерістерге ұшырау ықтималдығы.

Электронды кітап – электронды нұсқада ұсынылған (мысалы, электронды кітап) мәтіндік ақпаратты тамашалау мүмкіндігін беретін мамандандырылған ықшам планшетті құрылғылардың топтық-жинақы атауы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы.
2. Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығы.
3. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Жаһандық құзыреттер» оқу курсы бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығына 68-қосымша.
4. 5–11-сыныптарға арналған «Жаһандық құзыреттер» курсын өзірлеу – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022, – 400 б.
5. «Жаһандық құзыреттер» курсы бойынша педагогтерге арналған нұсқаулық. – Астана: Ы.Алтынсарин ат. ҰБА, 2022, – 339 б.
6. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы.
7. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ, 101-б.
8. Ақпараттандыру туралы Қазақстан Республикасының Заңы. 11.01.2007ж., № 217.
9. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылдың 12 желтоқсанындағы № 827 қаулысы.
10. Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы. Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI ҚРЗ.
11. Ақпаратқа қол жеткізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ.
12. 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі.

13. Телерадио хабарларын тарату туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 18 қаңтардағы № 545-IV Заңы.
14. Байланыс туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі N 567 Заңы.
15. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін ақпараттандырудың 2002–2004 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 6 тамыз, N 1037.
16. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі.
17. Раббасов С. Ұрпақ тәрбиесінің жаңа ілімі. – Алматы: Алматыкітап, 2014. – 232 б.
18. Қозыбаев М. Ежелгі бірлікті аңсаған. // Қазақтың ата заңдары. – Алматы: 2003. – 254 б.
19. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. – Алматы: Санат, 1995 ж. – 352 б.
20. Жұмабаев М. Шығармалар. – Алматы: Білім, II–III том, 1996 ж. – 376 б.
21. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. – Алматы: Дарын, 2004. – 320 б.
22. Нүсіпқасұлы А., Жапарұлы Ә. Ағаш бесіктен жер бесікке дейін: Халықтық дәстүр тәрбиесі. – Алматы: Өнер, 2011. – 140 б.
23. «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздерін оқыту бойынша оқу құралы / «Атамекен» ҰКП. – Астана: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2018. – 250 б.
24. Мырзахметов О.Б., Каршалов М.Б. Тіршілік қауіпсіздік негіздері: дәрістер курсы – Қостанай: ҚР ПМ Ш. Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2019. – 131 б.

Мазмұны

Алғы сөз	4
I БӨЛІМ. ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП	
§1. Сыпайы сөйлейміз. Рухани сапа – адам өміріндегі басты қасиет	6
§2. Кемшіліктермен жұмыс істеу – кемелдікке апаратын жол. Басқаларды қуанту үшін жақсылық жасау	10
§3. Зорлық-зомбылықты болдырмау және өзіңді қалай қорғауға болады?	17
II БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ	
§4. Менің мектебімнің жетістіктері	22
§5. Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!	25
§6. Өз елін танымал еткен тұлғалар. Тарих беттерінен	31
III БӨЛІМ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ	
§7. Медиакеңістікте және көпшілік алдында сөз сөйлеу	38
§8. Телефон алаяқтары: не істеу керек?	42
§9. Подкаст. Байланыстың заманауи өдістері	46
§10. Жеке табысты қалай тиімді басқаруға болады? Отбасы бюджетін қалай жоспарлауға және үнемдеуге болады? Отбасының қаржылық мақсаттары	50
§11. Ақша жинақтары қалай құрылады? Банк кредиттері. Отбасының қаржылық қауіпсіздік тірегі	55
IV БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ	
§12. Табиғаттағы қауіпсіздік. Табиғи апаттар кезіндегі іс-қимыл ережелері	60
§13. Техниканы қауіпсіз пайдалану. Қауіп туралы дабылды қалай беруге болады?	64
§14. Мен не жеймін? Азық-түлік қауіпсіздігі	70
V БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ	
§15. Менің өлкемнің, елімнің экологиясы	76
§16. Табиғатпен бірлікте қалай өмір сүруге болады? Экологиялық төуекелдер	80
§17. Табиғатты қалай қорғауға болады? «Көміртегі ізі»: қауіп-қатерлерді қалай азайтуға болады?	85
Глоссарий	89
Пайдаланылған әдебиеттер	93

Оқулық басылым

Аскарова Гаухар Сарыбаевна
Қасымбек Айсұлу Асылханқызы
Кажиева Гульнар Токаевна
Ізімова Перизат Тұрсынбайқызы
Чубаева Гульжан Нурсұлтановна
Казербаева Гульнар Кулжабаевна
Әуесбай Қанат Әуесбайұлы

ЖАҢАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

Негізгі орта білім беру деңгейінің
7-сынып оқушыларына арналған оқулық

Бас редакторы А.Бекболатова / Редакторы Ж.Кулдарова
Техникалық редакторы В.Бондарев / Арт-директоры О.Подопригора
Көркемдеуші редакторы Т.Давлетова / Вильд-редакторлары А.Умбетқалиева,
Ш.Есенкулова / Суретшілері А.Айтжанов, О.Кудрина,
Беттегіңдер Г.Илишева, Л.Костина, Ж.Илахунова, Н.Нержанова, С.Сулейменова

Біздің мекенжайларымыз:

Астана қ., 4-ы/а, 2-үй, 55-пәтер.

Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А ы/а, 28Б үй.

Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz

Павлодар қ., Академик Сәтбаев көшесі, 71-үй, 412-офис

«Arman-PV baspasy» кітап дүкені

Алматы қ., 8-ы/а, 87-үй, Тел.: +7 (727) 303-94-43

Теруге 25.10.23 берілді. Басуға 07.06.24. қол қойылды. Пішімі 70 x 100¹/₂₀. Қағазы оңсеттік.
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылма. Шартты баспа табағы 7,74. Тарадымы 50000 дана.
«BAYRAS» ЖШС. 050012. Алматы қ., Жамбыл к., 111/72 үй.

Артикул 807-006-001к-24